ЭКОНОМИКА
2 Әлемдік мұнай нарығы: күдік пен сенім

СҰХБАТ
3 Өнерге өріс, мұраға қоныс болған Сырдың елі

АУЫЛ – ЕЛІ БЕСІГІ
4 «Гүлденсе ауыл, гүлденеміз бәріміз»

КӘСІП
6 Мүмкіндікте шектеу болмайды

Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№74 (19950)

21 мамыр, бейсенбі 2020 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

ПРЕЗИДЕНТ

ИНТЕГРАЦИЯНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАЙТЫН ҚҰЖАТ ЕРЕКШЕ МАҢЫЗДЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің отырысына қатысты. Онлайн саммитте Армения Республикасының Премьер-Министрі Никол Пашинян, Беларусь Республикасының Президенті Александр Лукашенко, Қырғыз Республикасының Президенті Сооронбай Жээнбеков, Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин және Еуразиялық экономикалық одақ жанындағы бақылаушы мемлекеттің басшысы ретінде Молдова Республикасының Президенті Игорь Додон, сондай-ақ, Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының төрағасы Михаил Мясникович болды.

Жиынның күн тәртібінде 2025 жылға дейінгі еуразиялық экономикалық интеграцияның стратегиялық дамуы туралы мәселе талқыланды. Отырыс барысында Мемлекеттер басшылары Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы ынтымақтастықтың басым бағыттарын, соның ішінде Кубаға Еуразиялық экономикалық одақ жанындағы бақылаушы мемлекет мәртебесін беру мәселесін қарастырды.

Қазақстан Президенті өз сөзінде «2025 жылға дейінгі еуразиялық экономикалық интеграцияның стратегиялық даму бағыттары туралы» құжаттың жобасына ерекше назар аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаев бұл маңызды құжатты қабылдау идеясын қолдай отырып, Стратегияның кейбір бөлімдерін қайта талқылап, әлі де пысықтай түсу керек екенін айтты.

– Алдағы бірнеше жылға арналған интеграцияның негізін қалайтын аталған құжаттың ерекше маңызды екенін ескере отырып, оны әлі де талқылап, бетпе-бет кездесу барысында қабылдаған жөн. Ерте ме, кеш пе, біз бір-бірімізбен кездесеміз, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Президент осы құжатқа қатысты бірқатар түсіндірме жасады. Қасым-Жомарт Тоқаев бірінші кезекте тауарлардың кедергісіз әрі шектеусіз тасымалын іс-жүзінде қамтамасыз ету, секторлар бойынша тараптармен келісілген бірыңғай қызмет көрсету нарығын кезең-кезеңімен құру, ортақ энергетикалық және қаржы нарығына дайындалу қажет деп санайды.

Мемлекет басшысы Одаққа мүше елдер арасындағы екіжақты ынтымақтастықтың көпқырлы екенін атап өтіп, оның экономикалық, әлеуметтік, гуманитарлық қатынастарды қамтитынын жеткізді.

– Сондықтан аталған мәселелерді бесжақты форматта Еуразиялық экономикалық комиссияны қатыстыра отырып қарастыру, оның нақты іске асуын қиындатады. Денсаулық сақтау, білім және ғылым салаларын Еуразиялық экономикалық комиссияның құзыретіне толық көлемде беру, оның экономикалық бағытын айтарлықтай өзгертіп жіберуі мүмкін. Яғни, 2015 жылғы Еуразиялық экономикалық одақ құру туралы келісімнің мәніне қайшы келеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президентінің айтуынша, интеграциялық жұмыс ұлттық құқықтық жүйенің ерекшеліктерін ескеруге тиіс әрі ұлттық заңнаманы үйлестіру және біріздендіру мәселелерін қарастыру кезінде «жеткілікті қажеттілік» қағидатын ұстануы керек.

2-бет.

ПАРЛАМЕНТ

ЗАҢ ШЫҒАРУ БАСТАМАШЫЛДЫҒЫ ЖОҒАРЫ

Кеше ҚР Парламенті Мәжілісінің төрағасы Нұрлан Нығматулиннің төрағалығымен өтіп жатқан жалпы отырыста депутаттардың заң шығарушылық жұмысына баса назар аударылды. Бұл туралы Нұрлан Нығматулин халықаралық автомобиль тасымалдарын қадағалап отыру мәселелеріне қатысты заң жобасын талқылау барысында айтты.

– Біз депутаттарымыздың бастамасымен әзірленген тағы бір заң жобасын мақұлдадық. Ерекше айту керек, біздің депутаттардың заң шығару бастамашылығы осы сессияда өте жоғары. Мысалы, 41 Заң жобасына депутаттар өздері бастамашы болды. Алдымызда тағы да оншақты заң жобасы бар, – деді Мәжіліс төрағасы.

Мақұлданған құжатта Үкіметке халықаралық тасымалдарды қадағалап отыру жүйесінің ұлттық операторын айқындау бойынша құзыреттілік беру ұсынылады. Сонымен қатар, халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыру кезінде электрондық сәйкестендіргіштерді (навигациялық пломбаларды) пайдалану бөлігінде тасымалдаушыларға қойылатын талаптарды белгілеу қарастырылған. Осылардың қатарында электрондық сәйкестендіргіштерді қасақана бүлдіргені немесе жойғаны үшін әкімшілік жауаптылықты енгізу және электрондық сәйкестендіргіштерді пайдалану тәртібін салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның бекітуі көзделеді.

ҮКІМЕТ

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМДІ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРЕДІ

ҚР Премьер-Министрі Асқар Маминнің төрағалығымен өткен Үкіметтің селекторлық отырысында 2020 жылдың соңына дейін экономикалық өсімді қалпына келтіру жөніндегі кешенді жоспар қаралды.

Ұлттық экономика министрі Р.Дәленов, Қазақстан ет-сүт одағы қауымдастығының басқарма төрағасы Й.Сауэр, «Қазақстан кәсіпкерлерінің форумы» Қауымдастығы Кеңесінің төрағасы Р.Баталов, Қазақстан машина жасаушылары одағының төрағасы М.Пішембаев, «KazakhmysCopper» басқармасының төрағасы Б.Қырықпышев, «Атамекен» ҰКП төрағасы А.Мырзахметов баяндама жасады.

Кешенді жоспар 10 бағыттан және іскерлік белсенділікті ынталандыру, жұмыспен қамтуды қолдау және халықтың табысын арттыру жөніндегі 172 жүйелі әрі салалық шаралардан тұрады. Құжат жобасын барлық мүдделі тараптар және бизнес-қоғамдастық, оның ішінде «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен салалық бизнес қауымдастықтар егжей-тегжейлі талқылап, мақұлдаған.

Ұсынылып отырған шаралар қаржыландыру және жеңілдікті несие беру тетіктерін, оның ішінде микробизнес тетіктерін едәуір кеңейтуді, экспорттық шығындарды кепілдендіру және өтеу құралдарын белсенді түрде қолдануды көздейді. Форвардтық және ұзақ мерзімді оффтейк-келісім-шарттар жасасу практикасы енгізіледі. Жүктеме азаяды және салықтық әкімшілендіру жеңілдетіледі, салықтар мен қарыздар бойынша преференциялар мен төлемді кейінге қалдыру қолданылады, жекелеген айыппұлдар мен алымдар алынып тасталады, әкімшілік кедергілер азайтылады.

Тұрғын үй құрылысы нарығында сұранысты ынталандырудың, отандық өндірісті және қызмет көрсету саласын қолдаудың жаңа тәсілдері енгізіледі.

Үкімет басшысы мемлекеттік органдардың бірінші басшыларына, өңірлер әкімдеріне Жоспардың іс-шараларын белгіленген мерзімде сапалы түрде іске асыруды қамтамасыз етуді тапсырды.

– Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша әлемдік және ұлттық экономикадағы жағдайдың күрт өзгеруіне байланысты 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары жаңа редакцияда әзірленеді. Ол институционалдық және құрылымдық реформаларды жүргізуді қамтитын елдің орта мерзімді кезеңге арналған жаңа экономикалық бағытының негізгі бағыттарын айқындайды, – деп А.Мамин осы жылдың 1 шілдесіне дейін құжаттың жаңа редакциядағы жобасын әзірлеуді тапсырды.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖОБАЛАР – ЖҰМЫССЫЗДАР ИГІЛІГІНЕ

Төтенше жағдай зардаптарын жоюға бағытталған шараларды орындау үшін ел бюджетінен 1 триллион теңге бөлінді. Президент тапсырмасына сәйкес «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы қабылданып, аймақтарда оны жүзеге асыру амалдары нақтыланды.

Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы».

«Қомақты қаражат құзырлы орындардың бақылауында болып, толығымен мақсатқа сай жұмсалуы тиіс. Күрделі кезеңде қаржыландырылатын жобалар арқылы, ең алдымен, жаңа жұмыс орындарын ашу қажет. Бұған жұмыссыздарды барынша көптеп тарту керек. Экономикалық табыс әкелетін немесе адами капиталды дамытатын бастамалар қолға алынады» деді Мемлекет басшысы карантин шектеулеріне қатысты мәлімдемесінде.

Инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру арқылы жұмыс орындарын құру көзделген бағдарлама 2020, 2021 жылдарға арналып отыр. Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мәліметінше, жол картасы 276 жобаны қамтиды. Ол үшін өңірге 36 млрд 957 млн теңге бөлінді. Осылайша 9299 жұмыс орны ашылып, оның 452-сі тұрақты болады. Бүгінгі күні 175 жоба бойынша мемлекеттік сатып алу конкурстары аяқталып, мердігерлер анықталды. 25 жоба негізінде келісімшарттар жасалып, оған 74 адам тартылды.

Инфрақұрылымдық жоба іске асырылатын ауданда немесе қалада уақытша тіркелгендерді қоса алғанда, жұмыссыздарға құрылатын жұмыс орындарының кем дегенде 50 проценті ұсынылады. Жалақы экологиялық үстемеақысыз ең төменгі жалақының кемінде екі мөлшері болып белгіленеді. Бұл дегеніміз – 85 мың теңге. Инфрақұрылымдық жобалар үшін бөлінген қаражаттың шамамен 90 проценті отандық өндірушілерге бағытталады. Ақпараттық түсіндіру, медициналық тексеру жұмысын жүргізу, жұмысшыларды жинап, тиісті орынға жеткізу үшін мобильді рекруттік пункттер ұйымдастырылады.

– Оларға арнап орын-жай, асауқат дайындау, тамақтану орындарын тұрақты түрде залалсыздандыру, қауіпсіздікті қамтамасыз ету – басты назарда. Бағдарламаға, әсіресе, екі қолға бір күрек таппай жүрген жастар көптеп тартылады. Денсаулығына зиян, оқуына кедергі келмейтін жағдайда студенттерге басымдық беріледі, – деп атап өтті брифингте басқарма басшысы Талғат Дүйсебаев.

2-бет.

«5-10-20»: ЖАҢА БАҒДАРЛАМАҒА КІМДЕР ҚАТЫСА АЛАДЫ?

Баспанаға мұқтаж азаматтар енді «5-10-20» пилоттық жобасы аясында тұрғын үйге қол жеткізе алады. Иә, "Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" «Нұрлы жер» бағдарламасының жаңа бағыты ретінде «5-10-20» пилоттық жобасын іске қоспақ. Ипотекалық бағдарламаға тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтар қатыса алады.

Айдана ЖҰМАДИНОВА, «Сыр бойы».

2-бет.

216 АДАМ АУРУДАН АЙЫҚТЫ

Сәрсенбіде өңірде коронавирус инфекциясын жұқтырғандар саны 260-қа жетті. Ал сауығып шыққандар саны – 216. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Жақсылық Әбдусаметов мәлімдеді.

– Жаңадан 5 дерек тіркелді. Оның екеуі Қазалы ауданынан шығып отыр. Олар Атырау облысынан келген вахталық әдіспен жұмыс істейтіндер арасынан анықталды. Ал үшеуі – Қызылорда қаласынан. Науқастардың барлығы індет жұқтырғандармен байланыста болған. Қазіргі таңда жағдайлары бірқалыпты, ем алуда, – деді ол.

Сондай-ақ, осы кезге дейін індет жұқтырғандармен байланыста болған 3582 азамат анықталды. Оның ішінде, 1990-ы жақын қарым-қатынаста, 1592-сі жанама байланыста болған.

– Статистикаға қарағанда вирус қарым-қатынас арқылы жұғып отыр. Індет ауа тамшылары арқылы жұғатындықтан, ол көбіне ылғал ауада көп сақталады. Сондықтан сақтық шараларын қатаң ұстанып, бетперде киіп жүруге шақырамыз,– деді басқарма басшысы.

«СБ» ақпарат.

ИНТЕГРАЦИЯНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАЙТЫН ҚҰЖАТ ЕРЕКШЕ МАҢЫЗДЫ

– Стратегияда ұсынылған заңнаманың «үйлестіруге және біріздендіруге» қатысты құқықтық жауапкершілік орнату бөліміндегі әкімшілік және қылмыстық, кеден ісі, техникалық реттеу, тұтынушылардың құқығын қорғау сияқты бірқатар сала, біздің пікірімізше, ақылға қонымды жеткіліктілік қағидатына әлі де толық жауап бермейді. Ал бұл ұлттық қоғамдық ой-пікірдің Стратегияны қабылдамауына алып келеді. Өйткені Стратегия үкіметтер мен парламенттердің дербес құқығын шектейді, – деді Президент.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев Еуразиялық экономикалық комиссияның өкілеттігін кеңейту мәселелеріне мұқият болуға шақырды.

– Еуразиялық экономикалық одаққа мүше-мемлекеттердің қызмет көрсету, өзара сауда мәселелері бойынша үшінші елмен өткізетін екіжақты келіссөздеріне Комиссияның қатысу құқығын беру қосымша зерттеуді қажет етеді, – деді Президент.

Мемлекет басшысы дәл қазіргі жағдайда Еуразиялық экономикалық одақпен ынтымақтастықтың басым бағыты экономиканы қайта қалпына келтіру мәселесі бойынша құрылуы керек екенін жеткізді. Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстан Парламентінің Еуразиялық экономикалық одаққа бақылаушы мемлекет ретінде кіру туралы шешімін құптады.

Мемлекет басшысы өзара сауда, бизнесті қолдау, цифрландыру және көліктік логистика салаларындағы ықпалдастық мәселелерін одан әрі нығайту жөніндегі нақты ұсыныстарын ортаға салды.

Біріншіден, Қазақстан Президенті пандемия кезінде пайда болған барлық шектеулер мен кедергілерді кезең-кезеңімен алудың жоспарын жасау қажет деп санайды.

– Біздің денсаулық сақтау, санитарлық, ветеринарлық және өзге де бақылаушы ведомстволарымыз дағдарыстан сабақ алып, сондай-ақ, бір жағынан азаматтарымыздың денсаулығын сақтайтын, екінші жағынан тауарлардың кедергісіз қозғалысын қамтамасыз ететін ықпалдастықтың тиімді механизмдерін ұсынуы қажет. Пандемияға қарсы күрес кезінде, одан кейінгі шектеулер алынған кезеңде де көлік құрылымдарының, санитарлық қызметтердің, шекаралық ведомстволардың жұмысы жүйелі болуы маңызды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы екінші мәселе ретінде Еуразиялық экономикалық одақтың ақпараттық жүйесін біріктіру жұмыстарын қолға алудың маңыздылығын айтты.

– Мемлекеттік органдарымыздың ықпалдастық орнатқан негізгі аспектілерін цифрландыру арқылы біздің елдеріміз бизнес-процестерді жеңілдетуге, өзара тауар айналымын арттыруға, бизнеске әкімшілік жүктемені азайтуға қол жеткізеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Үшіншіден, Қазақстан Президенті көлік-логистика қызметін дамыту қажет деп санайды.

– Аталған бастама аясында біз ұлттық тауар өткізу жүйесін құруды бастап кеттік. Ол 2022 жылға қарай 24 көтерме-тарату орталығынан тұратын болады. Бұл 5 миллион тонна ауылшаруашылық өнімін сақтап, өңдеп, таратуға мүмкіндік береді. Одаққа мүше мүдделі елдердің арасында тауар таратудың ортақ жүйесін құру мүмкіндігін қарастыруды ұсынамын, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев бизнесті қолдау мәселесіне де ерекше назар аударды. Президент қазіргідей дағдарыс кезеңінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің барлық ресурсы жұмыс орындарын тұрақтандыруға және сақтап қалуға бағытталғанын айтты. Сонымен қатар Мемлекет басшысы Одақтың шығыны көп жекелеген шешімдерін орындау, атап айтқанда, қазіргі дағдарыс жағдайында кейбір тауар түрлерін міндетті түрде таңбалау аса қажет емес деп есептейді.

Қазақстан Президенті Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдердің қаржы-экономика министрліктері басшыларының, жалпы үкіметтердің дағдарыстан кейінгі кезеңдегі сыртқы сынқатерлер мен экономиканы дамытуға қатысты шараларды талқылау үшін арнайы алаң ашып, оны белсенді қолданудың маңыздылығын мәлім етті.

Саммит қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұсынысымен «2025 жылға дейінгі еуразиялық экономикалық интеграцияның стратегиялық даму бағыттары туралы» құжат негізінен мақұлданғанымен, қабылданған жоқ. Одаққа мүше мемлекеттердің үкіметтері мен Комиссияға Стратегияны пысықтау тапсырылды.

«Еуразиялық бестіктің» көшбасшылары Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің келесі отырысын 2020 жылдың күзінде Минск қаласында өткізуге уағдаласты.

1-бет.

АНА мен БАЛА

Елімізде ана мен бала мәселесі қашаннан басты назарда. Пандемияға байланысты жарияланған төтенше жағдай кезінде де, карантин уақытында да Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ешкімнің мемлекет назарынан тыс қалмайтынын айтып, әсіресе, ана мен балаға қолдау көрсетуге қатысты нақты тапсырмалар берді. Оның ішінде көпбалалы, тұрмысы төмен отбасыларына, мүгедектігі бар адамдар мен мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеп отырғандар тиісті әлеуметтік көмекпен қамтылғаны белгілі.

Sb **Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы».**

ШАТТЫҚ ШУАҒЫ

Отбасына, ана мен балаға деген қолдау мен қамқорлық Халықаралық отбасы күніндегі де жалғасын тапты. Атаулы күн қарсаңында асыраушысынан айырылып, төрт баламен соңғы кезде вагонды паналаған Гүлнар Қалибаевваға баспана берілді. Бұл игі іске қуанбаған жан жоқ шығар. Сондай-ақ, бұл күні қала мен аудан орталықтарындағы перзентханаларда босанған аналарға сый-сияпаттар жасалып, құрмет көрсетілді.

Мәселен, облыстық перинаталдық орталықта перзентханадан шығатын ана мен балаларға денсаулық сақтау басқармасы тарапынан құрмет көрсетілді. Нәрестелерді үйлеріне шығару салтанатында басқарманың ана мен бала денсаулығын қорғау бөлімінің басшысы Бибізада Дүйсенбаева барша аналарды айтулы мерекемен құттықтап, жылы лебізін білдірді және сыйлықтар табыстады. Сонымен қатар жаңа босанған аналарға «Отбасында сәбиге күтім жасау», «Нәрестелердің дұрыс тамақтануы», «Отбасында ерте жастағы балаларға күтім жасау» тақырыптарындағы

ақпараттық-әдістемелік материалдар таратылды. Өз кезегінде аналар да қуаныштарымен бөлісіп, мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қамқорлыққа ризашылықтарын жеткізді. Мәселен, 39 жастағы Нұргүл Кенжебекованың бұл сегізінші перзенті екен.

– Баламның есімін әжесі Елжан деп қойды. Салмағы төрт жарым келі. Былтыр егіз баламды дүниеге әкелгенмін. «Бір қозы туса, бір түп жусан артық шығады» деген халқымыздың даналығы рас қой, егіздерімнің дүниеге келуімен көпбалалы ана ретінде баспаналы болдым. Қазір отбасымызбен сонда тұрамыз. Аман-есен босанып, үйіме қайтқалы тұрмын. Осы ретте барша медицина саласының қызметкерлеріне, ел ағаларына алғысымды білдіремін, – деді Назгүл.

Қала тұрғыны Айдана Дәуренбекова да жетінші бөпесін босанған көпбалалы ана. Ол да ақ халаттыларға ризашылығын жеткізді.

Жаңақорған аудандық перзентхана бөлімінде бұл күні төрт сәби, екі ұл, екі қыз бала туылды. Мерекеде ел демографиясын дамытуға үлес қосып, шаңырақтарын шаттыққа бөлеген аналарға құрмет көрсетіліп, сый-сияпат жасалды. Мұндай игі шара Шиелі ауданында да көрініс тапты. «Nur Otan» партиясының Шиелі аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары, аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы мен аудандық әйелдер қоғамдық бірлестігінің төрайымы мерекеде дүниеге сәби әкелген аналарды құттықтап, аудан әкімінің құттықтау хаты мен сыйлықтарын табыстады.

Иә, «Отан – отбасынан басталады», «Отбасы – шағын мемлекет» дейміз. Олай болса, әр шаңырақтың шаттадыман күй кешіп, бай-қуатты болғаны маңызды. Осы орайда ана мен балаға мемлекет тарапынан көрсетілетін көмек пен қолдаулар жалғаса берері сөзсіз.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖОБАЛАР – ЖҰМЫССЫЗДАР ИГІЛІГІНЕ

Инфрақұрылымдық жобалар аясында 26 нысан салынады. Олардың арасында 2 мектеп (Арал ауданының Сексеуіл кенті, Қызылорда қаласы), 2 ауылдық клуб (Қазалы ауданының Ақсуат, Шиелі ауданының Жиделіарық ауылдық округтері), мұражай (Шиелі ауданы) мен филармония (Қызылорда қаласы), 8 тренажерлық стритбол ауласы, байдарка мен каноэ базасы (Қызылорда қаласы мен Шиелі, Жаңақорған, Қармақшы аудандары) бар.

Сонымен қатар, Тереңөзекте 18 пәтерлік екі үйдің құрылысы жүргізіледі. Облыс орталығы мен Қазалыда су және кәріз жүйесі нысандары салынады. Ал Қазалы, Шиелі аудандарын газдандыру жұмысы жалғасады. Қызылорданың Шанхай, Титов, Гагарин, КБИ, әл Фараби бөліктерінде инфрақұрылым желілері жүргізілуі тиіс.

24 нысан қайта жаңғыртылып, 41 нысан толық жөнделеді деп күтіліп отыр. Коммуналдық нысандар ағымдағы жөндеуден өткізіліп, бірқатар көше мен елді мекеннің кіреберістері абаттандырылады. 23 көшеге жарық шамдарын орнату, 70 аялдама, 34 ойын алаңын орнату жоспарланған.

Мамандардың айтуынша, Қызылорда қаласында Жезқазған трассасы бойынан 600 орындық мектеп салынады. Сол кезде «Бәйтерек» шағын ауданында тұратын 6600 отбасының оқушы балалары үшін жақын жерде білім алу мүмкіндігі туады. Алдағы үш жылдағы жоспар бойынша осында 700 отбасы қоныстанады. Сөйтіп, оқушылар саны 1500-ге жуықтайды. Қазіргі уақытта 150-дей бала «Бәйтеректен» қала орталығына қатынап оқып жүр.

Арал ауданының Сексеуіл кентінде Президент тапсырмасына байланысты білім ошағы салынатын болды. Бұл теміржол жағалап мектепке барып жүрген балалар мен олардың ата-аналары үшін қуанышты жаңалық екені рас. Айта кетейік, кентте 13 мыңға жуық адам қоныстанған. «Сексеуіл-Бейнеу-Жезқазған» жүрдек пойызы жолға шыққалы бері елді мекен үлкен торапты желілік теміржол бекетіне айналды. Осылайша Сексеуіл Арал қаласынан кейінгі халқы тығыз орналасқан аймақ болып отыр.

– Кенттегі 3 мектеп те теміржолдың бір жақ бетінде. Келесі бетінде тұратын 360 оқушы теміржолдың сан тарау жолын кесіп өтуге мәжбүр. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында тұрақты кезекшілік ұйымдастырылған. Жаңа білім ошағы іске қосылған жағдайда балалар әуресарсаңға түспейді, – дейді Талғат Дүйсебаев.

Бағдарламада бақша суаруға мүмкіндік беретін «Жиделі» су қоймасын, Сырдария, Жалағаш аудандарындағы аумағы 16 мың гектар болатын күріш алқабын аяқсумен қамтуға ықпал ететін «Әйтек» су торабын қайта жаңғырту көзделіп отыр. Еске салсақ, былтыр «Әйтек» су торабының төменгі бөлігіндегі қабырғасын су шайып кеткен еді. Бұл жоспар 7 елді мекеннің 31 мыңнан астам халқын су тасқыны қаупінен құтқармақ.

Төтенше жағдай кезінде тұралап қалған кәсіпорындардың қайта жандануына уақыт керек. «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасын іске асыруға бөлінген қаржының бір бөлігі шағын және орта бизнесті дамытуға жұмсалады. Негізгі мақсат – жұмыссыз азаматтарды еңбекпен қамту.

1-бет.

«5-10-20»: ЖАҢА БАҒДАРЛАМАҒА КІМДЕР ҚАТЫСА АЛАДЫ?

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссияның отырысында тұрғын үй мәселесін шешу үшін жаңа «5-10-20» ипотекалық несие беру бағдарламасын іске асыруды тапсырған болатын. Іске қосылатын жобаның шарттары әлі де талқылану үстінде, десе де ұсыныстар тұрғындар үшін айтарлықтай қолайлы.

Бағдарлама талаптарына келсек, ең бастысы үй алғысы келетін адамның атында баспана болмауы керек. Сондай-ақ, баспанаға мұқтаж ретінде жергілікті атқарушы органдарда есепте тұруы қажет. Несие мөлшерлемесі 5 процентті, бастапқы төленетін жарна 10 процентті құрайтын, несиелендіру, яғни қарызды өтеу мерзімі 20 жылға арналған ипотекалық бағдарлама бойынша баспананы «Нұрлы жер» бағдарламасының аясында салынған жаңа тұрғын үй кешендерінен де, жеке құрылыс салушылардан да сатып алуға болады.

Бүгінде жобаның шарттары талқылану үстінде. Қазіргі мәліметтерге сүйенсек, ең жоғары заем сомасы жеке құрылыс салушылар ұсынған жаңа үйлер бойынша облыс тұрғындары үшін 12 млн теңгеден аспайды. Сондай-ақ әкімдік тарапынан салынған баспаналар 1 шаршы метр үшін бағасы 160 мың теңгеге дейін болады деп жоспарлануда.

Президент бағдарламадан бөлек «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» негізінде «Отбасы банкін» құруды тапсырған болатын. Енді тұрғын үйге кезекте тұрғандардың тізімі бұған дейін әкімдіктерде болса, енді бұл құзыретті жаңадан құрылатын «Отбасы банкіне» беру жоспарланған.

– Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі базасында жыл соңына дейін даму және қолдаудың «Отбасы банкі» атты толыққанды институты құрылады. Ол есепке алу, тіркеу және тұрғын үйді бөлуді бір орталықтан атқаратын болады. Аталған міндетті орындау үшін қазіргі кезек жүйесін әкімдіктерден «Отбасы банкке» беру жоспарланып отыр. Өз кезегінде «Отбасы банкі» баспанасы жоқ жанұялар үшін «бір терезе» қағидаты бойынша қызмет ұсынады, – деді Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі облыстық филиалының директоры Әділжан Саулебаев.

Айта кету керек, Қызылорда облысы республика бойынша тұрғын үйді салу, пайдалануға беру көрсеткішінде алдыңғы қатарда. Деректерге сүйенсек, соңғы 5 жылда тұрғын үйді пайдалануға беру көрсеткіші екі есеге артқан. Облыс орталығы – Қызылордада 14 шағын аудан бой көтерсе, 8 мыңнан астам қызылордалық баспаналы болып, 3 млн шаршы метр тұрғын үй құрылысы жүргізілген.

Алдағы уақытта да құрылыс саласындағы қарқын бәсеңдемейтіні анық. Қазіргі уақытта облыста әлеуметтік жағынан осал топтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету басты мақсат болып отыр.

Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «5-10-20» қолжетімді несиелік баспанасымен қамтамасыз ету бойынша жаңа жобаны іске асыру үшін облыс әкімі өңірге барынша көбірек қаржы тарту мәселесі министрліктермен пысықталатынын айтқан болатын.

«Біз 1630 пәтерлік 20 жалға берілетін үй салуды бастаймыз, оның ішінде 698 пәтерлік 15 үйді ағымдағы жылы пайдалануға береміз. Нәтижесінде, 431 көпбалалы және 267 осал топтағы отбасы жаңа пәтерге қол жеткізеді. Тағы 910 отбасы ипотекалық баспана ала алады. Белгілі болғандай, жақында елімізде экономикалық өсімді қалпына келтіру бойынша кешенді жоспар бекітіледі. Осындай жоспар бізде де жасалады» деген болатын облыс басшысы.

1-бет.

ӘЛЕМДІК МҰНАЙ НАРЫҒЫ: КҮДІК пен СЕНІМ

Әлем экономикасы әлі күрделі сипатта. Сарапшылардың пікірінше, дағдарыстың шыңына шығу мерзімі де әлі айқындала қоймаған сыңайлы. Пікір көп, олардың көпшілігі болжамдық сипаттан эріге бармайды. Оның себебін түсіну қиын емес. Әлем экономикасы күрделі, сан салалы, ондағы ірі саяси ойыншылардың көздеген мақсаттары да бұлыңғыр. Айналып келгенде, осылардың жиынтығынан құрылатын экономика жағдайының болжамы әзірге күрделі күйінде қалып отыр.

Sb **Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ, «Сыр бойы».**

Қазірдің өзінде әлем экономикасы 9 трлн АҚШ долларын жоғалтыпты. Бұл әлемдік ішкі жалпы өнімнің 20 процентін құрайды. Дегенмен, соңғы күндері әлемдік мұнай рынкында оңды нышандар байқала бастады. Көптен бері «өлі нүктеден» қозғала қоймаған мұнай бағасы біршама өсті. Оны сарапшылар соңғы бір ай көлеміндегі жоғары өсім ретінде бағалауда. Атап айтқанда, бренд мұнайының бағасы барреліне 32-34 доллар шамасында қалыптасты.

Осыған қарамастан сарапшылар мұнай рынкындағы жағдайдың тұрақтылығы ұзаққа бармайтынын айтады. Алдымен мұнай өндіруші, яғни табысы бүкіл осы салаға қарап отырған елдерге қиын соғуда. Соңғы уақытта Сауд Арабиясы мұнай түсімінен келетін табыстың тиын-тебеніне дейін есептеуге кірісті. Салықтың қосымша түрін белгілемекші. Бұрын мамыражай кезде мұны елемейтін олар енді алдағы уақытқа алаңдаулы. Өйткені бюджет бірыңғай мұнайға тәуелді.

Соңғы деректерге қарағанда Скандинавиядағы Норвегияда алаңдаушылық байқалды. Мұнайдың табысына бірыңғай таңыла қоймаған бұл елде енді экономиканың басқа салалары құлдырай бастады. Мұнайшыларға қосымша салық салу жағы ойластырылуда. Жалпы экономикадағы құлдырау осылайша көптеген мемлекеттерден әдеттен тыс шараларға баруды талап етуде.

АҚШ-та жағдай біршама күрделі. Мұнай көлемін өндіруді қысқарту салдарынан белсенді жұмыс істеп тұрған ұңғымалар жұмысын тоқтатты. Мұндай жағдай 2009 жылы ғана орын алған болатын. Сонымен бірге газ өндіру ұңғымалары да қысқаруда. Біз осы елдердің қатарында ТМД аймағынан Ресей, Әзербайжан және Қазақстанды атай аламыз.

Халықаралық энергетика агенттігінің пікіріне қарағанда әлемде карантин режимін жеңілдету экономиканың өсіміне әсер ететін болады. Осыған орай мұнай бағасының өсуі де ықтимал. Дегенмен, сарапшылар мұнай рынкында күдік пен сенімнің қайсысы басымырақ деген сауалға да нақты жауап бере алмайды. Бұл бүгінгі күннің нақты сипатын аңғартса керек.

БҮГІН – МӘДЕНИЕТ және ӨНЕР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

ӨНЕРГЕ ӨРІС, МҰРАҒА ҚОНЫС БОЛҒАН СЫРДЫҢ ЕЛІ

Жеті жылдан бері 21 мамыр – Мәдениет және өнер қызметкерлерінің күні ретінде мерекеленіп келеді. Осы күні сұлулық символы болған жандарға жылы лебіз, жүрекжарды алғыстар жолданады. Өйткені, мәдениет пен өнер өкілдері – халқын рухани сусындатқан мәртебелі мамандық иелері.

Мейірім шуақты мереке қарсаңында біз облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Мира Әбуованы редакция атынан құттықтап, сан қырлы сала жұмысының жай-күйінен сыр тарттық.

– Мира Рахымжанқызы, алдымен сізді және барша мәдениет қызметкерлерін атаулы мерекемен құттықтаймыз. Халықтың рухани қазынасын еселеп жатқан еңбектеріңіз жемісті болсын.

Бүгінгі таңдағы мәдениет саласының бет-бейнесіне бір тоқталып өтсеңіз?

– Бір ғана «Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет» жобасы аясында қазақ мәдениеті мен өнерін әлемге насихаттау жолындағы қыруар жұмыстар жүзеге асырылып, айтарлықтай табыстарға қол жетті. Қазақ өнері мен мәдениеті дүниені шарлады. Бұл жетістікке Сыр бойының қосқан үлесі де сүбелі.

Өткен жылы Қорқыт ата мұралары ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енгізілді. Түркі дүниесіне ортақ абыздың күйлері мен аңыздары тек қазақ халқында сақталған. Бұл орайда халықаралық ұйымның арнайы комиссиясына Сыр ғалымдарының зерттеу еңбектері мен нақты дәлел-дәйектері ұсынылған болатын.

Бағзы өнерді өз өңірімізде өрістете түсу мақсатында биыл облыстық филармония жанынан қобызшылар ансамблі құрылып, арнайы мамандарға жалақы бекітілді.

Ұлы Абайдың 175 жылдық мерейтойы өңірімізде Нартай Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрында Ерсайын Төлеубайдың «Абай» драмасымен ашылса, қаңтар, ақпан айларында ақын мұрасын насихаттау мақсатында Семей қаласындағы «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби мемориалдық қорық музейінің Қызылорда қаласындағы жылжымалы көрмесі, С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясындағы көрме, жалпыреспубликалық «Музейлер шеруі» акциясы аясындағы танымдық шара көпшілік көңілінен шықты.

Сонымен қатар, республикалық ақындар айтысы, Абай шығармаларын орындаушылардың концерті, Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхана мен Абай атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапхананың бірлескен әдеби танымдық онлайн кеші, кең көлемде кітап көрмелері ұйымдастырылды.

– Елімізде орын алған төтенше жағдайға байланысты жұмыс жоспарына өзгеріс енгізілген шығар?

– Өзгеріс енгізілді, бірақ, іркіліс болған жоқ. Төтенше жағдай барысында облыстың мәдениет және өнер мекемелері наурыз айынан бастап онлайн режиміне көшірілді. Әрбір мекеменің арнайы мәдени іс-шаралар жоспары әзірленіп, «Facebook», «Instagram», «YouTube», «Telegram», «TikTok» әлеуметтік желілері арқылы елге жан азығын сыйлап, халықты жігерлендіруге өз ықпалдарын тигізді.

«YouTube» бейнехостингінен «Сыр Шаңырағы» каналы ашылып, халқымыздың рухын көтеру мақсатында сала бойынша түрлі форматта 207 онлайн-шара енгізілді. Қазіргі уақытта каналдың қаралымы 5703-ке, тіркелгендер саны 1420-ға жетті.

Әлеуметтік желілердің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, сала бойынша жүзеге асырылып жатқан жобалар, онлайн концерттер, спектакль, экскурсия, лекция, танымдық сағаттар, виртуалды көрмелер, басқа да шаралар халық ішінде лайықты бағаланды.

Облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығы, мәдениет үйлері мен клубтар атадан балаға мұра болған жыршы-жыраулық, шешендік өнерді дәріптеп, Сыр бойы билері мен батырларының тарихын, әңгімелерін, тарихи оқиғаларын, шешендік сөздер мен жыраулардың дауысын, сонымен бірге аймақ ақындарының шығармаларын таныстыратын айдарлар ашып, онлайн жазба ақындар айтысын өткізіп, халық көңілін серпілтуге өз септігін тигізді.

Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрының майталмандары күніне бір рет шығатын «Өнер әлемі» айдарымен 32 мәрте тікелей эфир жүргізді. «Онлайн спектакль» айдары бойынша 50-ден аса әлемдік және қазақ драматургтерінің шығармаларын ұсынды.

– Қазір кітап оқылмайды, интернет игілігін көріп отырған жұрт кітапханаға ат ізін салмайды деген көзқарас бар. Шектеу шаралары кезінде бұл жағдай мүлде шиеленісіп кеткен жоқ па?

– Біріншіден, бұл – екіұдай пікір. Кітапхана тұтынушыларының саны төмендеп кетті деп айта алмаймын. Мысалы, Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапхана қызметін бір жыл ішінде 31969 оқырман пайдаланған.

Карантин кезінде де кітапхана қызметкерлері оқырманмен өзара байланыста бола білді. «YouTube» бейнехостингінде кітапхананың «Talking Book» (Талкинг бук) «Говорящая книга» жобасы аясында жастар оқыған кітаптары туралы «KZObook» каналына видеороликтер орналастырды. Кітапхана қызметкерлері әлеуметтік желілерде «Біз біргеміз!» атты видеороликтер мен челлендждер жариялады.

Сонымен қатар, биылғы жылы кітапхана қорына жаңадан алынған «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясындағы кітаптардың, әл Фарабидің 7 томдық жинағының, Абай шығармаларының және сирек кездесетін кітаптар мен құнды қолжазбалардың онлайн-таныстырылымдары ұйымдастырылып, жастардың шығармашылық қабілетін дамыту, кітап оқуға деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында онлайн викторина, онлайн оқулар өткізілді.

Облыс музейлері әлеуметтік желілерде өлке тарихын таныстыруды тұрақты жүргізіп, «Бір жәдігер тарихы», «Асыл мұра» айдары арқылы музей қорындағы құнды экспонаттар онлайн режимінде насихатталуда.

– Мереке күндері өткізілетін шаралар жайы қалай болды?

– 1-ші, 7-ші, 9-шы мамыр – мемлекеттік мерекелерінде онлайн-концерттер, облыстық жыршы-термешілердің онлайн фестивалі, поэзия сағаттары, онлайн фотобайқаулар, облыс музейлері мен кітапханаларда, архивтерде тақырыптық виртуалды көрмелер, танымдық лекциялар, онлайн шолулар өткізілді.

18 мамыр – Халықаралық музейлер күнінде онлайн экскурсиялар өткізілсе, «Хабар» агенттігі ұйымдастырған әнші-композитор Батырхан Шөкеновтің туған күніне орай әнші репертуарындағы шығармаларды Нұр-Сұлтан, Алматы қалалары әншілерімен Сыр өнерпаздары бірге шырқады.

Әрине, бұл шаралар кең тыныстап, жайлана отырып өнер ләззатын сахнадан алумен салыстыруға келмейді. Бірақ, халық пен мәдениет саласының арасы алыстаған жоқ.

– Пандемияға қатысты шектеулер жеңілдетіле бастады. Мәдениет саласы жұмыстары да жандана түсетін болар?

– Ежелгі және ортағасырлық – Сығанақ, Асанас, Бәбіш мола, Сортөбе, Қышқала, Жанкент қалашықтарына жоспарланған археологиялық қазба жұмыстары биылғы жылдың маусым-қыркүйек айларында жүзеге асырылады.

Сондай-ақ, облыс көлемінде 4 бюст орнатуға ҚР Мәдениет және спорт министрлігі жанындағы Монументті өнердің жаңа құрылыстарын орнату жөніндегі мемлекеттік комиссияның келісімі алынып, эскиздері бекітілді. Қазір Қызылорда қаласында Нағи Ілиясовтың, Ыдырыс Қалиевтың, Сейілбек Шаухамановтың, Арал ауданында Ұзақбай Қарамановтың қола мүсіндерін қою қамындағы жұмыстар басталды.

Сонымен бірге жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған Жол картасы бойынша биылғы жылы 4 нысанға құрылыс жұмыстары, 1 нысанға қайта жаңғырту, 3 нысанға күрделі, 14 нысанға ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілмек.

Талғампаз Сыр жұртшылығы алдағы кезеңдерде – әл Фарабидің 1150, Алтын Орданың 750, Ұлы Абайдың 175 жылдығына орай өткізілетін мәдени-көпшілік шаралардың куәсі болады.

«Абай әлемі» атты Тұрмағамбет атындағы халық аспаптар оркестрінің концерті, «Көзімнің қарасы» атты облыстық вокалистер конкурсы өткізіліп, Сыр өңірінде алғаш рет Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамидидің «Абай» операсынан үзінді қойылады.

Әл Фарабидің 1150 жылдығына арналған республикалық Отырар қорық музейінің Қызылорда қаласында жылжымалы көрмесі, «Әл Фараби және әлемдік өркениет» атты ғылыми-танымдық конференция және кітап көрмесі ұйымдастырылады.

Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрында Хұсейін Жүсіпұлының «Ешкімге керегі жоқ ауыл», Думан Рамазанның «Абылай ханның арманы», Жан Батист Мольердің «Ақымақ болмақ тоғышар» спектакльдері сахналанады.

Қазіргі таңда облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығы облысымызда халық шығармашылығының жанр түрлерін дамытып, түрлі жобаларды қолға алуда. Осы орайда алдағы уақытта өңіріміздің бренді саналатын жыршы-жыраулық өнерді одан әрі жандандыру, жастарды классикалық ән өнерін дамытуға баулу бағытындағы жұмыстар жүргізіледі. Пандемиядан кейін де сала жұмысында әлеуметтік желі арқылы онлайн шаралар өткізу тоқтатылмайды. Тұрақты жобалар арқылы іс-шаралар өткізіле береді.

Осы сұхбатты пайдалана отырып, облысымыздағы барлық мәдениет және өнер қызметкерлерін кәсіби мерекемен құттықтаймын. Әріптестерді алдағы уақытта серпінді жобалар мен өрісті шаралар өткізуге, үнемі жаңа ізденістер жолында болуға шақырамын.

– Әңгімеңізге рахмет, өзіңіз басқарып отырған мәдениет пен өнер қызметкерлеріне ойға алған мақсаттарыңыз абыроймен орындала берсін деген тілектестігімізді білдіреміз.

Әңгімелескен
Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы».

Алғашқы концерт қыркүйекте өтеді

Бұған дейін елімізде қобызшылар ансамблі болмаған. Қарағайдың түбінен қайырып, үйеңкінің түбінен үйіріп алғаш қобыз жасаған Қорқыт атаның елі Қызылордада биыл қобызшылар ансамблі құрылған еді. Өнер иелерінен елдің жаңалық күтетіні рас. Ансамбльдің дайындық жұмыстары карантин жағдайында қалай жүргізілді? Алғашқы концерт қашан өтеді? Тыңдарманның көкейіндегі қазіргі сауал осы.

Sb **Айдана ЖҰМАДИНОВА,**
«Сыр бойы».

Күнделікті қарбалас тірлікте жабырқаған, қатайған көңілді сөзсіз жібітіп, баянсыз, у-шу дүрмектен ала қашып, алыска жетелейтін қазақ күйінің орны бөлек. Әсіресе, аттың дүбірі, домбыраның күмбірі, қобыздың үні естілсе елең ететін қазақ үшін. Сондықтан карантин басталысымен онлайн режимде дайындық жүргізген ансамбль шығармаларды күнделікті бейнежазба етіп дайындап, әлеуметтік желілерде жариялап отырды. Осылайша Ықыластың «Жез киігі», Әлқуат Қазақбайдың «Шабыт», «Тілеп сарыны», жетігеннің сүйемелдеуімен орындалған «Аққу» күйі үйде отырған тыңдарманның алаң көңілін басып, ұлттық өнерге сусындатты. Ал, қалың жұрттың көңілінен шығып үлгерген қобызшылар Айнуза Бегімсалова, Тоқтар Ағыраев, Айдана Рүстембек жеке онлайн лекция-концерт ұйымдастырды.

– Соңғы бір жарым ай өнер иелері үшін де оңай болмады. Қазір ансамбльдің құрамында 20 қобызшы, жетігенші, концертмейстер бар әрі барлығы да жас. Сондықтан бұл қиындықты олар оңай еңсерді. Репертуарымызда Қорқыттың «Қоңыр», «Бәшпай», «Сарын» күйлері, Арман Жайымның «Өз Тәукесі», Махамбеттің «Жұмыр қылыш», Нұрғиса Тілендиев, Ғайни Бұлтаеваның шығармалары, «16 қыз», «Жайдарман», «Ақ баян» әндері бар. Сондай-ақ, ұлттың ұлы тұлғасы Абай әндерінің болуы заңдылық. 175 жылдық мерейтойына орай Ермұрат Үсеновтің «Абай әндеріне фантазиясын», «Желсіз түнде жарық ай», «Амалым жоқ» туындыларын да ұлтқа жанашыр, ойы зерек тыңдарман үшін даярлаудамыз, – деді ансамбль жетекшісі Салтанат Пұсырманова.

Бүгінде төтенше жағдай аяқталысымен алдағы концертке дайындық басталып та кеткен. Әбігерге салған індеттен әлем сауығып, ел аман болса ансамбльдің алғашқы жеке концерті қыркүйек айында өтпекші.

Ауыл мәдениетіне қолдау жоғары

Жуырда Жанқожа батыр ауылдық мәдениет үйінің директоры Марат Жақсылықовпен тілдескен едім. Білгеніміз, биыл өзі басшылық жасайтын ауылдық мәдениет үйін ағымдағы жөндеуден өткізуге 14,685,9 теңге бөлініпті. Қаралған қаржыға ғимараттың шатыры толық ауыстырылады. Сыртқы қабаты түсіріліп, сөнді сылақпен қайта сыланады. Есіктер жаңартылып, 4 бөлменің еденіне кафель салынып, жоғарғы беті армстронгпен қапталады екен. Тілектестігімді білдіріп, шынайы қуандым.

Sb **Жұмабек ТАБЫНБАЕВ,**
«Сыр бойы».

Осыдан біраз уақыт бұрын, яғни, 2014 жылы Жанқожа батыр ауылдық мәдениет үйінің ғимаратына күрделі жөндеу жасалып, жылу жүйесі қайта жүргізілген болатын. Соның арқасында еңселі мәдениет ошағының іші қақаған қыс мезгілінде де ұядай жылы. Аудан, ауыл әкімінің жылдық есеп беру жиыны кей жердегідей мектепте емес, ауылдық мәдениет үйінде болады. Ауыл мәдениетіне деген жанашыр көзқарас жалғаса берді. 2016 жылы музыкалық дыбыс күшейткіш аппаратура алынды, кеңсе жиһаздарымен толықты. Енді ағымдағы жөндеу жүреді деп күтілуде.

Мемлекеттің жанашыр көзқарасын жете сезінген Жанқожа батыр ауылдық мәдениет үйінің ұжымы да жақсылықтың қарымтасын шынайы өнер, жоғары жетістікпен қайтаруды көздейді. Жаз мезгілінде өнер ордасының ауласына бас сұқсаңыз, саяжайда жүргендей сезінесіз. Күн сәулесі қалың жапырағынан әзер көзге шалынатын көлеңкелі талдар, жеміс ағаштары кеудеңді рахат күйге бөлейді. Ерінбей санап шықтым. Бұл жердегі қара талдың өзі 200 түп екен. Оған жұпар иісі аңқыған Бұқар жидесін, өрік пен шие ағаштарын қосыңыз. Сондай-ақ, арнайы орынға егілген әсем гүлдер – ерен еңбектің нәтижесі. Жасыл желегі жайқалған аулаға жарық шамдар ерекше шырай беріп тұр.

Марат Жаңабайұлы «көркемөнерпаздар үйірмесі мүшелерінің қатысуымен ақылы негізде түрлі шаралар өткізіліп, мәдениет үйіне керек-жарақтарға жұмсаймыз» дейді. Бұл ауылдағы мәдениет майталмандарының ауызбірлігін, директордың іскерлігін танытады.

Жанқожа батыр ауылдық мәдениет үйі 1981 жылы пайдалануға берілген. Қазіргі таңда ән, би, драма, терме үйірмесі жұмыс істейді. Ауылдық мәдениет үйі туралы сөз қозғалса, алғашқы директоры – Жанділдә Баймұратов туралы айта кеткен абзал. Ізденімпаз да кәсіби шеберлігі жоғары Жанділдә ағамыз ауыл өнерпаздарын жиып, көркемөнерпаздар үйірмесін құрды. Үйірме мүшелері көптеген мәдени шаралар ұйымдастырып, халық назарына ұсынды. Арада жыл өте мәдениет үйі жанынан драма үйірмесі өз жұмысын бастады. Талаптары бөтен болған жоқ. Аудандық драма үйірмелері байқауына қатысып, жүлделі орыннан табылып жүрді.

Жанділдә Баймұратовтан соң ауылдық мәдениет үйіне айтыскер ақын, дәстүрлі әнші Толғай Дүнкеев, көпшілікке есімі жақсы танымал әнші Ғани Дәрмағамбетов басшылық жасады. Екі азамат та Жәкең салған өнер сүрлеуін даңғыл жолға айналдырды.

Біршама уақыттан бері Жанқожа батыр ауылдық мәдениет үйі директоры қызметін Марат Жақсылықов атқарып келеді. Екі бірдей жоғары оқу орнын бітірген Марат – осы ауылдың төл перзенті. Кезінде ауыл жастарының жетекшісі ретінде қоғамдық жұмыстарға белсене араласқан жігерлі жігіт өз ортасына да сыйлы. Кәсіби міндетіне қоса бағбандыққа да бейім екенін мәдениет ауласының жасыл желегі тамылжыған кейпі паш етеді.

Ауылдық мәдениет үйінің жанындағы халық театры – Қазалы ауданындағы осындай жоғары атағы бар бірден-бір ұжым. Өткен ғасырдың сексенінші жылдарының аяқ шенінде ауыл өнерпаздары қол жеткізген «халық театры» өзінің атағын сонан бері бірнеше мәрте қорғады. Мұның қандай жоғары жетістік екенін театр саласынан хабары бар жандар жақсы түсінеді. Бір ғажабы, ауылдық мәдениет үйінде ұрпақтар сабақтастығы жақсы қалыптасқан. Сонау жылдары ауыл клубында Ханзада Қарабураева анамыз киномеханик болып ұзақ жыл еңбек етті. Кейін анамыздың жолын ұлы Жаңабай Төлешов жалғастырды. Сол ізгі дәстүр әлі де үзілген жоқ. Қазіргі таңда ауылдық мәдениет үйі жанындағы «халық театрының» режиссері қызметін Жанділдәнің баласы Ақниет Баймұрат атқарады. Сондай-ақ, театрдың суретшісі Қаршыға Қалымбет, мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі Ғалия Алдамұратова мен әдіскері Тұрар Айсауытов – өз өнерлерімен көпшілік ілтипатына бөленіп жүрген жандар.

Күлкі – қару, нысанасы – жемқорлық

Әлемнің көптеген елдері секілді біздің мемлекетіміз де сыбайлас жемқорлықтың алдын алып, оның тамырына балта шабуға негізделген бағытта күрес жүргізіп келеді. Осы игі шараға облыс мәдениетінің қара шаңырағы болып саналатын халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығы да өз үлестерін қосып отыр.

Айталық, белгілі сахнагер Мейірман Нұрекеевті еске алуға арналған «Мінекей, Мейірманның ізбасарлары» атты дәстүрлі облыстық әзіл-сықақ отауларының аймақтық байқауының дәстүрлі түрде өткізілуі осының бір айғағы.

Өнер ұжымдары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу әрекеттерін әзіл-сықақ қойылымдары арқылы жеткізе білетін бұл байқауға Ақтөбе, Шымкент, Тараз қалаларынан және облысымыздың аудандары мен Қызылорда қаласынан әзіл-сықақ отаулары қатысып, көпшілік көңілінен шығуда.

Сонымен бірге, Қызылорда облыстық қылмыстық атқару жүйесі департаментінің ЗК–169/1, ЗК–169/4, ЗК–169/5 мекемелеріндегі жазасын өтеушілерге «Чикаго времен Аль Капоне» деректі фильмінің көрсетілімі ұйымдастырылды. Фильмде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, нашақорлыққа қарсы күрес жөніндегі көріністер кеңінен баяндалған.

О.ӘЛІШБЕКОВ,
облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығының маманы.

САРАП

«ГҮЛДЕНСЕ АУЫЛ, ГҮЛДЕНЕМІЗ БӘРІМІЗ»

Азық-түлік пен ауылдың жағдайына алаңдаушылық білдірген еліміздің көптеген жанашырларының ой-пікірлері мерзімді басылымдарда, теледидарда жиі көрініс табуда. Расында, өткен ғасырдың 90-жылдарында елдің ішкі жалпы өнімінің 25 пайызынан астамы ауыл шаруашылығына тиесілі болса, қазіргі жағдайда оның үлесі 5 пайызға да жетпеуі, әлеуметтік маңызы бар 19 тауардың 6-нан импортқа тәуелді болуымыз, оның ішінен құс етінен ішкі тұтынудың 49 пайызын, шұжық өнімдерінен – 39, ірімшік, сүзбеден – 46, алмадан – 32, қанттан – 58, балық өнімдерінің 72 пайызының шетелден тасылуы шын мәнінде алаңдатарлықтай жайт.

1990 жылдары республикамыз астықты айтпағанда, жылына 1 млн тонна ет өндіріп, оның жартысынан астамын шетке шығаратын, сүт өнімдері сырттан әкелінбейтін, көкөніс, картоп, жеміс-жидек өнімдерінің керекті көлемі негізінен өзімізде өндірілетін. Біздің еліміз әлемде егістікке жарамды жер көлемінен 10-орын, жайылымдық жерден 5-орын, 4 млн гектар егістікті суаруға жететін су ресурстары болғанына қарамастан, жалпы халыққа керекті азық-түлік өнімдерінің 23 пайызын шет мемлекеттерден сатып алуда. Оның басты себебі – елдегі 76 пайыз жердің нашарлауы, шөлденуі, 48 млн гектар жайылымдықтың тозуы, суармалы жердің 40 пайыздайы айналымнан шығуы, салаға көзқарастың нашарлауынан ауыл тұрғындарының қалалық жерлерге көшіп, елді мекендердің, жердің, судың, табиғаттың иесіз қалуы секілді факторлар.

Қазіргі таңда, ел халқының 7,7 млн адамын ауылдықтар құраса (42%), мұнан елу жыл бұрын 50 пайызын құрайтынды және ол кезде бұл санатқа тек қана ауыл статусы бар елді мекендердің тұрғындары ғана есептелсе, кейінгі 10 жылдықтан бері ауылдықтар санатына кент, қала типтес кент тұрғындары да қосылғандығын ескерсек, шын мәніндегі ауылдықтардың үлесі тым азайып бара жатқандығы белгілі. Тәуелсіздік жылдары біздің елдің дамып келе жатқаны негізінен мұнай-газ секторынан түскен қаражат есебінен екенін бәріміз білеміз. Ал агросектордың жағдайы дамыған батыс елдерімен салыстыруға келмейді, оларда халықтың 4-5 пайызын құрайтын фермерлер бүкіл елін асырап, артық тауарларын экспортқа да шығарып жатыр дегенмен, біздің ауылдардың деңгейінен айырмашылығы жер мен көктей. Олар қала халқын асырауға тиіс болғанымен, ауылдықтардың саны күн санап кемуде, тиісті қолдаулар мардымсыз болуына байланысты мүмкіндіктері де шектелуде.

Енді қараңыз, республикадағы 6443 ауылдың 3477-сі іріктеліп, болашағы бар «тіректі ауылдар» қатарына жатқызылса, қалғаны «келешегі жоқ ауылдар» санатында. Тек бір ғана Үкіметтің 2012 жылғы 9 тамыздағы шешімімен еліміздің 409 ауылы, негізінен қандастарымыз тұратын елді мекендер, осы соңғы категорияға жатқызылып, қолдаулар көрсетілмейтін болғандықтан басқа жерлерге көшу де ұсынылды.

Ауылда өсіп, еңбек етіп үйренген жандарды өздерінің ата-бабасының қаны тамған, бабаларының бейіті жатқан жерлерден алыстату дұрыс шаруа емес. Ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы жат жерліктерден қорғаған, өсіп-өнген, тамыр жайған қасиетті жерін тастап кетуінің себептері өте көп, бірақ оны түзеуге болады ғой. Ел болып, халық болып туған өлкені көркейтуге бірігіп күш жұмсасақ, жаңадан жұмыс орындарын ашсақ жағдай түзелер еді.

Қостанай облысының құрметті азаматы К.Карбозовтың «Егемен Қазақстан» газетінің 2020 жылғы 13 наурыздағы санында жарияланған мақаласындағы «Қазақстанның байтақ жері, әсіресе ауылдық жерлердегі өзендер, көлдер, шабындықтар, жайылымдықтар бос қалса, мал бағатын жерлер игерілмесе, келешекте халықтың жағдайы қалай болмақ?» деген жанайқайын түсінуге болады. Ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп өнімдерінің, қызметтердің, шикізат пен азық-түлік бағаларының теңсіздігі, ауыл инфрақұрылымын қаламен салыстырғандағы айырмашылықтардың ұлғаюы ауыл халқына қазір үрей туғызуда. Жұмыссыздық деңгейі белең алып келе жатқан соң ауыл халқы әсіресе жастарға жұмыс орындары болмағандықтан, алаңдаушылық артуда. Ауылдан жастар кеткен соң ауыл «қартайып» олардың болашағы бұлыңғырланып барады. Осыған нендей қарсы шаралар қабылдау керек, ауыл шаруашылығын өркендетіп, ауылға көмекті үйіп жатырмыз деп «ұрандай» бергенше, нақтылай ауылдың шаруасымен айналысатын кез жетті. Бос сөзбен уақытты өткізе бермейік.

Біздің елімізде аграрлы секторды дамытудың экономикалық негіздері бар. Ғалымдардың пайымдауынша, еліміздің ауыл-шаруашылық ресурстары қазіргіден бірнеше рет артық өнім өндіруге мүмкіншілігі бар екендігі және сол арқылы 100 млн халықты тамақпен қамтамасыз ете алатындығы айтылуда.

Ендігі жерде аграрлық саланы дамыту, ауылдарды көркейту үшін не істеуге болады? Пайымдап көрсек.

Ірілену ілгері жылжытады

I. Әр ауылдық елді мекенде бұрынғы айналысқан кәсіптерін саралап және бүгінгі күннің талабына сәйкес жүргізуге болатын кәсіп түрлерін анықтап, ауыл халқына лайықты еңбекақы төлейтін шараларды іске асыру қажет деп ойлаймын. Ол үшін ауылдық жерлердегі майда шаруа қожалықтар, фермерлердің басын қосып, ірілері ұжымдық шаруашылықтар, кооперативтік құрылымдар, басқа да ауылшаруашылық тауар өндіруші, өңдеуші ұйымдарды құруды батыл қолға алған дұрыс болар еді. Осы секторға шын мәнінде мемлекет тарапынан басымдықтар мен қолдау тетіктері қарастырылып, қазіргі қолданыстағы заңнамалық актілер сарапталып, тиісті өзгерістер енгізілсе.

Тарихты парақтасақ, көптеген өміршең оңды практикалық шешімдерді көз алдымызда елестетуге болады. Мысалы, Сингапурдың премьер-министрі Ли Куан-Юдың бұрын көшіп кеткен елдің қалталы азаматтары мен кәсіпкерлерін елге қайта шақырып, оларға мемлекет тарапынан толық қолдау шараларын жасап, әлемдегі экономикасы дамыған көшбасшы елдер қатарына қосуын қалай бағаламасқа болады?! Сондай-ақ, 1929-1933 жылдардағы бүкіләлемдік капиталистік елдердегі ұлы дағдарысты, жұмыссыздықты ауыздықтау үшін ұсынылып, іске асырылған капиталистік еңбек қатынастарын реттеудегі нарықтық жолмен бірге экономиканы басқаруда мемлекеттік реттеудің керектігін дәлелдеген ағылшын мемлекет қайраткері, экономист Джон Кейнстің «Кейнс теориясы» деп аталып кеткен көрегенді еңбегін қазіргі өтпелі кезеңде де басшылыққа алуға болар еді.

Қазір еліміздегі ақпараттарда таратылған мәліметтердегі келешегі жоқ ауылдардан қалаларға, кенттерге көшетіндерге пәтер беру, көші-қон шығындарын жеңілдетуге кететін қаражаттарға сол ауылдардан жұмыс орындарын ашып берсе, ауыл өзінен-өзі дамуға бет түзейтін еді. Тұрғындары сиреп қалған ауылдарға қайтадан адам апару оңай тірлік емес шығар, бірақ осыдан біраз жылдар бұрын ғана «тың көтерудің» қиыншылығын да, нәтижесін де көрдік емес пе, мемлекет шындап қолға алса, ауыл шаруашылығын, ауылды дамыту қиын болса да жөндеуге көнетін тірлік.

Жасыратыны жоқ, ауылда өндірілетін өнімнің рентабельділігі төмен, көп жағдайда өзіндік құны сатылу бағасынан жоғары болуынан азық-түлік өндіру шығыны көп кәсіп саналады. Бұрын ауыл шаруашылығының бірқатар шығындары орталықтандырылған жолмен өтелетін-ді. Атап айтқанда, машина-трактор паркін жаңалау үшін арнайы «энергетика» атты бағдарламамен күрделі қаражат бөлініп, 80 пайызға дейінгі бағалары өтелсе, минералды тыңайтқыштар шаруашылықтарға тіпті тегін беріліп, тұрғын үйлердің құрылысы да осы тектес бағдарламамен бюджет есебінен толық қаржыландырылатын-ды.

Иә, қазіргі кезде де субсидияландырудың бірнеше жолдары қаралған. Дегенде шаруашылықтардың еңсесін көтеруге жетімсіз. Сондықтан да, ауылдық жерлерде салынатын үйлерді арнайы бағдарламамен мемлекет есебінен жүргізсе, алынатын трактор, автокөлік және тіркемелерді, минералды тыңайтқыштарды субсидиялау үлесін тағы да едәуір арттырса, өндірілетін өнімнің де өзіндік бағасы арзандап, сапасы артып, нарықтағы бәсекелестікке төтеп беретін халге жетер еді.

Ауыл шаруашылығында еңбек ететіндердің орташа жалақысы экономиканың басқа салаларына қарағанда төмен екендігі және оның былтырғы жылғы орташа айлық мөлшері 127,3 мың теңгені құрағанын статистика деректерінен көруге болады. Агросектордағы нақты жұмыс атқаратындардың табысы өспесе, бұл салада мамандарды ұстап тұру, әсіресе жастарды қызықтыру проблемалы бола бермекші. Кезінде климаты қатал аймақтарда, шөл, шөлейт және сусыз жерлерде, отгондық учаскелерде жұмыс атқаратындар үшін жалақыға 1,10-1,40 мөлшеріндегі аудандық коэффициенттер төленетін және мұндай қолдау сол өңірлерде еңбек ететіндерді ынталандырып, кадрларды тұрақтандыруға себепші болатын. Бір кездегі «ауылды қалаға теңейміз» деген бастаманың орындалуына да бір табан жақындап қалуға осындай қолдаулар негіз саналды. Біздің еліміздегі ауылдықтарды қолдап, тұрғындардың көшу процесін тежеу үшін бұрынғы өзін-өзі ақтаған демеулерді зерделеп, қайта енгізсе, ауыл еңбеккерлерінің, әсіресе мал шаруашылығымен айналысатындардың айлық жалақысына 25 пайыздан кем емес, жоғарылатылған төлемақы төлеу механизмі шешілсе. Б.Майлиннің «гүлденсе ауыл, гүлденеміз бәріміз» деп ұрандатқан сөзінің орындалуына біршама аяқ басар едік.

Ауыл шаруашылығы өндірісін өркендету жанар-жағармайға және электр энергиясына тікелей тәуелді. Осы энергетикалық компоненттер бағасының барлық тұтынушыларға бірдей болуы, агросектор өнімдерінің өзіндік құнының қымбаттауына тікелей әсер етеді. Жыл сайын егін егу, жинау науқанында жанар-жағармай бағасының нарықтан 15 пайыз төмендетіліп берілетіндігін ескергенде де, ауылдықтар үшін энергоресурс бағасы ауыр тиюде. Сондықтан ауылдықтар үшін жанар-жағармай мен пайдаланылатын электр қуатын 50 пайызға төмендетудің мүмкіндіктерін қарастырған дұрыс болар еді. Өзіміз куә болған кешегі Кеңестік дәуірде 1 квт сағат электр энергиясы үшін қалада 4 тиыннан төлесек, ауылдық жерлерде 1 тиыннан ғана төленген еді ғой.

Ауылдықтарға өнім өндіру, бастапқы өңдеу, өңдеуші кәсіпорындарға делдалсыз өткізу мүмкіндігін тудыру мақсатында арнайы қабылдау пункттері, ет-сүт комбинаттары жүйесін қалыптастырып, тапсыру бағаларын тұрақтандырса, нұр үстіне нұр болар еді. Бұл бұрынғы социалистік шаруашылық жүргізу жүйесіне қайта оралғандай көрінер, бірақ жоғарыда аталып өткен «Кейнс теориясы» кезінде әлемдік капиталистік жүйеде де қолданылып, оң нәтиже беріп еді.

Елімізде мал басын өсіріп, одан өндірілетін өнімдерді арттыруда негізгі қол байлау болып тұрған мәселе – мал азығын дайындау. Осы мәселе – өте қиын да емес, шешімі табылатын шаруа. Шабындық, жайылымдықтарда шөп өсуде, мал азығындық дақылдарын егетін егістік жерлер де жетерлік, тек оны оруға, тасуға әрбір ауылға 3-4 трактор мен арнайы тіркеме, механизмдер керек. Осы мәселені шешу үшін ауылдардағы әкімдіктерге бастапқы кезде 1 тракторды тіркемесімен соқа, арық салғышы және басқа да механизмдерін алып беріп, ауыл тұрғындарының үйіргелік жерлерін жыртып, жүйек, арықтарын жүргізуге, күл-қоқыстарын шығару, отын, шөптерін тасу және басқа да жұмыстарын жергілікті қоғамдастық келісіммен әкім бекіткен тариф арқылы атқаруға болар еді. Біздің облысымыздағы 132 ауыл округінде 2017-2019 жылдарға арналған бюджетті бекіткенде осы шараларға тиісті қаражат мүмкіндігі қаралған-ды. Алайда, Бюджет кодексінде ауыл әкімдеріне шаруашылық мәселелерімен айналысуға қаржы бөлуге болмайды деген желеумен бастама аяқсыз қалды. Осы мәселеге қайта оралып, қазіргі ауыл округтерінің дербес бюджеттерінің болуы және жергілікті әкімдердің өзін-өзі басқару функцияларын да жүзеге асыратындығын ескеріп, керекті заңдарға тиісті өзгерістер енгізіліп, ауылдың бірінші кезектегі мұқтаждарын өтеуге мүмкіндік беру өте-мөте қажет шара деп есептей отырып, оң шешімі табылса игілік болар еді. Мүмкін осыдан сәл ғана бұрын тәп-тәуір істей бастаған селолық тұтынушылар кооперативтерін (СТК) қайта қолға алып, осы міндетті жүктесе. СТК-лардың орнына келген ауыл шаруашылығы кооперативтері өз дәрежесінде жұмысын жандандыра алмағанын көріп отырмыз.

Мамандарды қолдауға мұқият зер салу қажет

II. Әлемнің 30 озық елінің қатарына қосылу үшін саладағы инновациялық, институционалдық өзгерістер мен экономиканы әртараптандыра өсуіне білімді мамандардың қажет екендігін мойындауымыз керек. Қазіргі уақытта ауылға әлеуметтік сала мамандарының баруына бірқатар жағдайлар жасалған. Алайда, жастарға жұмыстан бос уақытында көңіл көтеретін мәдени, спорт кешендері жеткіліксіз, айлық жалақысы да мәз емес. Сондықтан ауылдық жерлерде қалғаннан қала, аудан орталықтарында жұмыс атқаруды ыңғайлы және тиімді санайды. Енді осы әлеуметтік сала қызметкерлері мен шаруашылық мамандарын ауылда тұрып, жұмыс атқаруға қызықтыратын мәселелерге көңіл аударсақ.

Біріншіден, ауылдық жерлердің инфрақұрылымын өз дәрежесіне жеткізу алғашқы кезектегі мәселе болуы керек. Жылдың кез келген мезгілінде қиындықсыз жететіндей автожол, электр энергиясы, байланыстың (оның ішінде ұялы телефонға қосылуы) тұрақты жұмыс атқаруы, ауызсу, үйіргелік жерлерін суаратын судың болуы, сапалы білім алу үшін заманауи мектеп ғимараты, медициналық, мәдени ошақтар, спортпен айналысатын аландар мен залдар өз дәрежесінде жұмыс атқаруы бүгінгі ауыл өркені үшін өте маңызды. Шүкіршілік етуіміз керек, біздің облыста осы бағыттағы атқарылып жатқан жұмыстар көңілге қонарлықтай, игі шаруа жалғасып, көші-қон жағдайы тұрақты болсын деп тілейік.

Екіншіден, қолданыстағы «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңы бойынша ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, ветеринария салалары мамандарына жергілікті мәслихаттардың шешімдерімен лауазымдық айлық жалақыларына 25 пайыздан кем емес, қалаларға қарағанда жоғарылатылған төлемақы төлеу, бюджет есебінен коммуналдық қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау мәслихат бекіткен тәртіппен және мөлшерде көрсетілетіні қаралған. Бұған қоса, мамандар қызметтік тұрғын үймен немесе жалдамалы үймен қамтамасыз етілуі белгіленген.

Енді осы жеңілдіктер нақты қалай іске асып жатыр десек, біздің облыста аудандық мәслихаттардың шешімі бойынша лауазымдық айлық жалақыға үстеме тек 25 пайыздық мөлшерде төленуде (заңда 25 пайыздан кем емес). Отын алуға 4 еселенген айлық есептік көрсеткішке тең немесе 0,5 тонна көмірге ғана жететін біржолғы көмек көрсетілуде. Тұрғын үймен қамтамасыз ету барлық жерде бірдей жолға қойылмай отыр.

Аталған мамандардың ауылдық жерлерде қызмет атқаруын ынталандыру мақсатында және кадр тұрақтылығын қамтамасыз ету бағытында оларға көрсетілетін қолдауларды ұлғайтқан абзал.

Мәселен, мамандарға лауазымдық жалақыларына төленетін үстеме мөлшерін тұрақты «40 немесе 50 пайыз» деп заңмен бекітсе. Ескеретін тағы бір жайт, қазіргі уақытта да жергілікті әкімдер мен мәслихаттардың өздері ақ қолданыстағы заң аясында елді мекендердің алшақтығына, инфрақұрылымдарының даму деңгейіне қарап, дифференциалды түрде үстеме мөлшерін бекітуге болады. Мысалы, облыстағы Қазалы ауданының орталығы 50 мың халқы бар, теміржол, автожол бойына орналасқан Әйтеке би кентінде тұрып қызмет атқаратын әлеуметтік сала қызметкерлері де, аудан орталығынан 120-200 шақырым қашықтықта тұратын дұрыс жолы да жоқ отгондық жайылымда орналасқан Шәкен, Қызылқұмның кіндігіндегі Кәукей, Тасарық ауылдарында да осы тектес қызметкерлер жалақыға бірдей 25 пайыз үстеме алуда. Мұны жергілікті билік иелері өздері шешсе, оң болар еді.

Сондай-ақ, тұрғын үйлерді жылыту үшін керекті отынның мөлшерін оның ауданына шақтап, Үкіметтің қаулысымен бекітсе (жергілікті биліктің қарауынан алып), қатты отын, тамызықты ағымдағы жылдың 1-қыркүйегіне дейін жеткізіп берсе, мұндай практика 1993 жылға дейін болып тұрғын үйдің әрбір шаршы метріне 50 келі көмір, 12 келі тамызық есебінен қамтамасыз етілетін-ді.

Тұрғын үйді жарықтандыруға арнайы нормативпен бекітілген мөлшерде электр қуатын пайдаланғаны үшін шығындарды өтеуді де реттеуге болар еді.

Ауылдық жерде тұратын және жұмыс істейтін жас мамандарға өздерін азық-түлікпен қамтамасыз ету мақсатында, үйіргелік бау-бақшалық жер учаскесін беру, 1 бас бұзаулы сиыр немесе жылқы, түйе, 10 саулық қойды тегін үлестіру қарастырылса, оларға жасалған қолдаудың нағыз орынды үлгісі болар еді.

Осы әлеуметтік жеңілдіктер мен қолдаулар зоотехник, гидротехник, механик, т.б. мамандарға көрсетілсе, ауыл шаруашылығын дамытудың, өз-өзін азық-түлікпен қамтудың, сайын келгенде, ауылдарды қайта түлетудің негізгі тетіктері болмақшы. Ал оған жұмсалған қаржы еселеп қайтатыны анық.

«Туған жерге туыңды тік»

III. Ауылдарды сақтап қалудың тағы қандай амалдары бар деген сұраққа оқырмандармен ой бөліскен дұрыс секілді.

Ауыл мұқтажына көңіл бөлу, сол жерден шыққан білімді, қолында билігі, қаражаты бар, әртүрлі жағдайларға байланысты сырт жерлерде қызмет атқарып жүрген азаматтардың да перзенттік парызы болуы тиіс. Қара шаңырақты егесіз қалдырмау кейінгі ұрпақтың міндеті, бұл аталар аруағына қошемет пен құрмет іспеттес. Ақпарат құралдарындағы жарияланымдар мен өзіміз күнделікті куә болып жүрген осы бағыттағы оңды мысалдар көптеп саналады. Облыстың Сырдария ауданының Бесарық, Н.Ілиясов ауылдары, Қазалы ауданының Ғ.Мұратбаев, Қармақшы ауданының Дүр Оңғар ауылдарына барғанда тура кішігірім қалаға барғандай боласыз. Тұрғындары негізінен жұмыспен қамтылған, әлеуметтік ошақтар толығымен жұмыс атқарып, ауыл абаттандырылған. Осындай жағымды тірліктерді барлық ауылдарға да тән ету мақсатында патриоттардың, қалталы азаматтардың, меценаттардың, зиялы қауымның ықыласын бұрса, біршама ауылға керекті мәселелер шешілетін еді. «Туған жерге туыңды тік» бағдарламасы аясында меценаттар көп көмек көрсетіп жатса, жергілікті жерлерде ұйымдастырылған «Парыз» және осы секілді игілікті бастамалар да өз ықпалын тигізуде. Биылғы жылды Президентіміз волонтерлар – еріктілер жылы деп жариялап, елдің мұн-мұқтажын өтеуге бағыттаса, келесі бір жылдарды «Туған жерге туыңды тік» жылы деп атап, мемлекеттік деңгейде қолдау көрсетсе, құба-құп болар еді.

Біздің облысымызда 2001-2003 жылдары ауылдықтардың еңсесін көтеру мақсатында бірқатар бағдарламалар іске асырылған. Айталық, ауыл тұрғындарына арналған «1000 тұрғын үй» жобасы. Оған бюджет қаржысынан бөлек, тұрғын үй алушылар да қолғабыс етіп, қоғамдық жұмысқа тартылғандар да қатысып еді. Сонымен қатар, облыстың экономикасы тоқыраған ауылдарынан 3 жылда 21 ауылдық округке арнайы бағдарлама жасалып, оларға біршама көмек беріліп, жұмыс орындары ашылған-ды. Мысалы, Жаңақорған ауданындағы Ақүйік ауылдық округіндегі 5 елді мекенде 3 мектеп асар әдісімен тұрғызылса, жабылып қалған аурухана қайта ашылып, мәдениет үйі жөнделіп, 4 елді мекенде саялы ағаш бақтары қалпына келтіріліп, маусым кезінде 54 жұмыс орны ашылса, кейіннен 27 жұмыс орны тұрақты болып қалды. Осындай практиканы қайта қолға алуға болады ғой.

Ауылдық жерлердегі «бала саны азайып кетті, ауылдың болашағы жоқ, мектепті жабамыз» деген қазіргі кездегі үрейді сейілтудің бір жолы – Үкімет бекіткен елді мекендегі мектепке баратын бала санына сәйкес бастауыш, негізгі, орта мектептердің ауыл жағдайындағы бала контингентін қайта қарап, өзгеріс енгізу. Осы қаулыға сәйкес, бастауыш мектепте 5, орталау мектепте 41, орта мектепте 81 оқушыдан кем болмау белгіленген, яғни мектепте 40-ақ оқушы болса, негізгі мектеп бастауышқа, немесе 80 ғана оқушысы болса, орта мектептің статусы өзгеріп, негізгіге айналуы керек. Мұндай жағдайда, бірқатар оқушылар ауыл мектебінен тыс қалады, оның салдарынан мұғалімдер жұмыссыз қалса, әрі қарай көші-қонмен жалғасады. Билік басындағылар Үкімет қаулысына өзгеріс енгізіп, мектептердің сатыларына қарап, ауыл жағдайындағы контингентті төмендетіп, олардың жұмыс атқаруына мүмкіндік бергенін ойланған дұрыс дер едім.

Ауылдық жерлерде дәрігерлердің қызмет атқаруға, сонда тұрақтап қалуларын ынталандыру үшін олардың жүктемелеріне төленетін лауазымдық жалақыларын аудан орталықтары, қалаларда қызмет атқаратын әріптестерінен біршама жоғарылатылған ставкамен төлесе. Бұрын ауылдық жердегі дәрігерлердің лауазымдық жалақысы қалалық жерлердегі осындай ұйымдарда қызмет атқаратын дәрігерлерден 10 пайызға артық және олар ауыл жағдайында 3 жылдан артық еңбек етсе, 10 пайыздан 40 пайызға дейін қосымша төлемақы есептеліп, жыл сайынғы демалысына да 3 күн қосылушы еді. Сонымен қатар, қос басындағы егіншілер мен жаз жайлауында, қыс қыстауында үнемі жүретін малшыларға медициналық көмекті көрсету үшін «отгондық фельдшер» бірліктері енгізіліп, олардың жалақысына қосымша жүріп-тұру (разъездной характер) шығындары да енгізілгені абзал.

Қоғамның үздіксіз дамуында ауылдың рөлін арттырудағы тіректердің негізгісі – жергілікті өзін-өзі басқару. Біздің жағдайымызда шектен тыс орталықтандыру жүйесі қалыптасқан, қалай дегенде де орталық билік жер-жердегі әлеуметтік-шаруашылық мәселелерін жергілікті жердегілерден жақсы білмейді де, мәселелерін толық шеше алмайды да. Оны ауыл, аудан халқының өзі ғана шешуі мүмкін. Ғасырлар тоғысында елімізде жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін дамыту бағытында Үкімет тарапынан 2 рет заң жобасы ұсынылғанымен, нақты шешімдер қабылданбай, әкімдер мен мәслихаттар жүйесі деңгейінен аса алмады. Жергілікті өзін-өзі басқару негізінен ауылдық жерлерге өте қажет, бізде өзін-өзі басқару функциялары да әкімдерге берілген. Қазіргі таңда барлық ауылдық әкімдіктерде дербес бюджет бар деп есептеледі, бірақ оның бюджетіне аумақтағы бірқатар мекемелерді қаржыландыру жүктелмегені түгілі, оның кірістері шектелген, немесе осындай «күзелген» бюджет шығыстарының 5 пайыздайы ғана өз кіріс көздерімен жабылуда, аумақта жиналатын жеке табыс, әлеуметтік салықтардың барлығы орталықтандырылған, бір сөзбен айтқанда, жергілікті мәселелердің қаржылық шешілу деңгейі күрделі, үнемі жоғары тұрған органдарға қол созу, жалтақтау жалғасуда. Сенімсіздік пен жергілікті проблемаларды дер кезінде шешу, өзін-өзі басқаруды тиісті, оңтайланған дәрежеде атқару бағытында ауылдық жерлерге тиесілі биліктерін берген абзал. Осындай жағдайда ауылдарда өз мәселелерін өздері шешіп, беделдері де артқан болар еді.

Қамбар ӘЖІБЕКОВ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

ЖОБА

Республикалық маңызы бар Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік қорық аймағын кеңейту үшін жер учаскелерін резервте қалдыру туралы

«Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 24-бабының 1-тармағына, «Республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құруға және кеңейтуге арналған жер учаскелерін резервте қалдыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 қыркүйектегі №943 қаулысына және Республикалық маңызы бар Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік қорық аймағын кеңейту үшін жер учаскелерін резервте қалдыру туралы тексеру нәтижелерінің 2019 жылғы 18 маусымдағы №1 актісіне сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес Республикалық маңызы бар Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік қорық аймағын кеңейту үшін резервте қалдырылатын жер учаскелерінің шекарасы, олардың орналасу схемасы мен экспликациясы анықталсын.

2. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес Республикалық маңызы бар Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік қорық аймағын кеңейту үшін резервте қалдырылатын жер учаскелерінің пайдалану құқығына шектеулер (ауыртпалықтар) белгіленсін.

3. «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі, «Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Қызылорда облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) және Қармақшы, Жалағаш, Сырдария, Шиелі, Жаңақорған аудандарының әкімдіктері заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Б.Д.Жахановқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі Г. Әбдіқалықова.

«КЕЛІСІЛДІ»
«Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Қызылорда облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы
_______________ Ғ. Орақбаев
2020 жылғы «__» __________

Қызылорда облысы әкімдігінің
2020 жылғы «___» ___________ № _____ қаулысына
1-қосымша

Республикалық маңызы бар Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік қорық аймағын кеңейту үшін резервте қалдырылатын жер учаскелерінің шекарасы, олардың орналасу схемасы мен экспликациясы

Резервте қалдырылатын жер учаскелерінің шекарасы

№	Орналасқан жері	Жалпы көлемі, гектар	Координаттары	
			Ендік	Бойлық
1	2	3	4	5
1.	Қармақшы ауданы	485790,0	44° 46' 33,2713"	63° 41' 57,6124"
			44° 41' 27,7358"	63° 40' 21,8436"
			44° 35' 10,5714"	63° 37' 16,2263"
			44° 19' 22,3909"	63° 30' 49,1874"
			44° 21' 49,1948"	63° 28' 35,9698"
			44° 22' 36,7042"	63° 27' 57,8420"
			44° 14' 52,9851"	63° 26' 58,4898"
			44° 11' 49,9212"	63° 26' 19,4853"
			44° 6' 6,0403"	63° 24' 54,0594"
			43° 59' 30,4588"	63° 23' 16,1425"
			43° 53' 20,1872"	63° 23' 4,4417"
			43° 52' 4,7443"	63° 22' 53,4112"
			43° 53' 15,8874"	62° 39' 16,8959"
			44° 19' 55,8467"	62° 48' 52,1073"
			44° 39' 4,1937"	62° 58' 52,7236"
			44° 37' 1,3750"	63° 9' 6,1403"
			44° 42' 8,4640"	63° 27' 27,8198"
			44° 46' 33,2713"	63° 41' 57,6124"
2.	Жалағаш ауданы	353125,52	44° 21' 25,6749"	63° 36' 31,4911"
			44° 15' 51,6794"	63° 36' 28,5891"
			44° 1' 51,0011"	63° 42' 46,9995"
			44° 1' 51,00001"	63° 42' 46,9999"
			44° 1' 56,2085"	63° 56' 35,7343"
			43° 41' 8,1705"	63° 55' 6,7743"
			43° 43' 9,3745"	63° 21' 35,3621"
			43° 52' 4,7443"	63° 22' 53,4112"
			43° 53' 19,5787"	63° 23' 5,4906"
			43° 55' 25,8265"	63° 23' 9,0252"
			43° 55' 43,8266"	63° 28' 20,9357"
			43° 55' 57,5658"	63° 28' 44,8190"
			44° 1' 35,3444"	63° 23' 47,0230"
			44° 6' 6,0422"	63° 24' 54,0756"
			44° 11' 49,9212"	63° 26' 19,4853"
			44° 14' 52,9851"	63° 26' 58,4898"
			44° 22' 36,7042"	63° 27' 57,8420"
			44° 21' 49,1948"	63° 28' 35,9698"
			44° 19' 22,3909"	63° 30' 49,1874"
			44° 35' 10,5714"	63° 37' 16,2263"
			44° 41' 27,7358"	63° 40' 21,8436"
			44° 51' 53,2340"	63° 43' 38,6250"
			44° 52' 51,0912"	63° 43' 35,9257"
			44° 45' 57,0219"	63° 56' 40,5774"
			44° 38' 16,3378"	63° 2' 13,9042"
			44° 34' 57,9847"	63° 4' 4,2063"
			44° 29' 44,9958"	63° 58' 53,5782"
			44° 24' 40,0008"	63° 49' 30,9991"
3.	Сырдария ауданы	305837,12	44° 24' 6,8231"	65° 3' 13,4336"
			44° 29' 7,0001"	65° 5' 21,0001"
			44° 25' 28,0000"	65° 16' 28,0001"
			44° 25' 14,4759"	65° 19' 52,6203"
			44° 24' 51,2134"	65° 21' 20,2934"
			44° 24' 19,9999"	65° 21' 53,9998"
			44° 23' 44,0000"	65° 22' 41,0001"
			44° 24' 19,1617"	65° 23' 18,6685"
			44° 19' 8,9999"	65° 42' 25,0001"
			44° 10' 16,0001"	65° 29' 39,9999"
			43° 48' 8,7880"	65° 7' 33,3979"
			43° 44' 6,8232"	64° 55' 58,7806"
			43 38' 57,2936"	64° 43' 25,6504"
			44° 1' 58,6150"	64° 43' 21,6416"
			44° 1' 60,0000"	64° 53' 54,0002"
			44° 18' 17,5011"	65° 0' 45,4452"
			44° 18 4,7050"	65° 14' 10,3138"
			44° 21' 4,1449"	65° 14' 10,5413"
			44° 21' 8,1855"	65° 10' 7,7401"
			44° 24' 15,5005"	65° 10' 54,2535"
			44° 24' 6,8311"	65° 3' 13,4336"
			43° 48' 44,3021"	64° 51' 4,0851"
			43° 46' 3,9655"	64° 51' 6,6973"
			43° 46' 6,2599"	64° 55' 46,2553"
			43° 48' 46,6003"	64° 55' 43,8502"
			43° 48' 44,3021"	64° 51' 4,0851"
4.	Шиелі ауданы	235568,85	42° 39' 12,4815"	66° 11' 40,2172"
			43° 51' 36,1376"	66° 34' 27,1774"
			43° 51' 35,1591"	66° 35' 3,7221"
			43° 51' 35,8170"	66° 36' 36,2612"
			43° 51' 39,5510"	66° 43' 23,6249"
			43° 44' 37,0001"	66° 43' 48,9999"
			43° 44' 47,5756"	66° 46' 17,5775"
			43° 43' 40,6384"	66° 46' 22,9323"
			43° 42' 32,6313"	66° 46' 37,5064"
			43° 41' 6,9017"	66° 46' 40,1006"
			43° 38' 58,0515"	66° 46' 52,3102"
			43° 38' 16,0798"	66° 46' 56,7222"
			43° 36' 10,0071"	66° 47' 1,9298"
			43° 35' 10,9959"	66° 47' 8,1064"
			43° 33' 57,0261"	66° 47' 15,9719"
			43° 30' 37,0552"	66° 47' 33,0096"
			43° 28' 27,2888"	66° 47' 41,1677"
			43° 26' 1,2592"	66° 47' 48,1892"
			43° 25' 24,8716"	66° 46' 14,0975"
			43° 22' 5,2109"	66° 36' 47,7590"
			43° 18' 59,9853"	66° 28' 7,2114"
			43° 18' 52,7293"	66° 27' 46,9946"
			43° 18' 27,8723"	66° 27' 55,5163"
			43° 18' 1,6329"	66° 27' 50,9591"
			43° 17' 29,3800"	66° 27' 54,1840"
			43° 16' 51,7707"	66° 28' 4,2176"
			43° 16' 24,9511"	66° 28' 4,3890"
			43° 15' 43,5950"	66° 28' 0,4555"
			43° 15' 5,3218"	66° 28' 11,4558"
			43° 14' 20,7608"	66° 28' 18,0019"
			43° 12' 59,7318"	66° 28' 55,2103"
			43° 11' 57,5096"	66° 29' 11,8737"
			43° 11' 1,6965"	66° 29' 3860,24"
			43° 10' 12,0033"	66° 30' 2,2473"
			43° 8' 27,0716"	66° 30' 47,8533"
			43° 7' 13,8878"	66° 31' 6,7826"
			43° 5' 41,5213"	66° 31' 29,2881"
			43° 5' 16,4371"	66° 31' 46,2490"
			43° 4' 48,9219"	66° 32' 1,7807"
			43° 4' 4,8646"	66° 32' 10,3723"
			43° 3' 4,4554"	66° 32' 18,1909"
			43° 1' 38,8375"	66° 32' 44,6328"
			43° 0' 44,7364"	66° 32' 51,5587"
			42° 59' 34,7088"	66° 33' 0,5157"
			42° 47' 51,0352"	66° 31' 44,3834"
			42° 39' 12,4815"	66° 11' 40,2172"
5.	Жаңақорған ауданы	693162,7	43° 12' 10,3581"	67° 24' 2,8671"
			43° 11' 12,7162"	67° 26' 0,1668"
			43° 11' 10,4211"	67° 30' 31,2288"
			43° 12' 57,0010"	67° 35' 19,4578"
			43° 10' 14,7459"	67° 36' 59,1670"
			43° 8' 55,1280"	67° 38' 41,9721"
			43° 7' 28,7256"	67° 39' 33,5418"
			43° 7' 24,5179"	67° 39' 56,0521"
			43° 7' 3,7518"	67° 39' 49,6818"
			43° 0' 31,3044"	67° 22' 30,1892"
			42° 57' 5,1608"	67° 13' 27,4771"
			42° 54' 32,2444"	67° 8' 36,6082"
			42° 39' 59,4004"	66° 43' 52,9408"
			42° 31' 13,8828"	66° 29' 10,4327"
			42° 19' 51,3368"	66° 9' 54,2294"
			42° 20' 50,9687"	66° 5' 16,2869"
			42° 35' 48,0977"	66° 5' 30,3787"
			42° 37' 44,0002"	66° 11' 13,0000"
			42° 39' 12,3427"	66° 11' 40,1742"
			42° 47' 51,0352"	66° 31' 44,3834"
			42° 59' 34,7088"	66° 33' 0,5157"
			43° 0' 44,7364"	66° 32' 51,5587"
			43° 1' 38,8375"	66° 32' 44,6328"
			43° 3' 4,4554"	66° 32' 18,1909"
			43° 4' 4,8646"	66° 32' 10,3723"
			43° 4' 48,9219"	66° 32' 1,7807"
			43° 5' 16,4371"	66° 31' 46,2490"
			43° 5' 41,5213"	66° 31' 29,2881"
			43° 7' 13,8878"	66° 31' 6,7826"
			43° 8' 27,0716"	66° 30' 47,8533"
			43° 10' 12,0033"	66° 30' 2,2473"
			43° 11' 1,6965"	66° 29' 38,6024"
			43° 11' 57,5096"	66° 29' 11,8737"
			43° 12' 59,7318"	66° 28' 55,2103"
			43° 14' 20,7608"	66° 28' 18,0019"
			43° 15' 5,3218"	66° 28' 11,4558"
			43° 15' 43,5950"	66° 28' 0,4555"
			43° 16' 24,9511"	66° 28' 4,3890"
			43° 16' 51,7707"	66° 28' 4,2176"
			43° 17' 29,3800"	66° 27' 54,1840"
			43° 18' 1,6329"	66° 27' 50,9591"
			43° 18' 27,8723"	66° 27' 55,5163"
			43° 18' 52,7293"	66° 27' 46,9946"
			43° 18' 59,9853"	66° 28' 7,2114"
			43° 22' 5,2109"	66° 36' 47,7590"
			43° 25' 24,8716"	66° 46' 14,0975"
			43° 26' 1,2592"	66° 47' 48,1892"
			43° 28' 27,2888"	66° 47' 41,1677"
			43° 30' 37,0552"	66° 47' 33,0096"
			43° 33' 57,0261"	66° 47' 15,9719"
			43° 35' 10,9959"	66° 47' 8,1064"
			43° 36' 10,0071"	66° 47' 1,9298"
			43° 38' 16,0798"	66° 46' 56,7222"
			43° 38' 58,0515"	66° 46' 52,3102"
			43° 41' 6,9017"	66° 46' 40,1006"
			43° 42' 32,6313"	66° 46' 37,5064"
			43° 43' 40,6384"	66° 46' 22,9323"
			43° 44' 47,5756"	66° 46' 17,5775"
			43° 44' 42,5379"	66° 47' 27,0752"
			43° 35' 55,9653"	66° 58' 24,6498"
			43° 34' 35,2401"	67° 9' 22,9092"
			43° 28' 43,1450"	67° 11' 7,8470"
			43° 28' 27,8436"	67° 14' 51,0627"
			43° 23' 36,6482"	67° 18' 41,5570"
			43° 20' 2,8292"	67° 20' 21,0161"
			43° 15' 9,5794"	66° 21' 59,1824"
			43° 12' 10,3581"	66° 24' 2,8671"
			43° 12' 10,3581"	67° 24' 2,8671"

Резервте қалдырылатын жер учаскелерінің орналасу схемасы

Резервте қалдырылатын жер учаскелерінің экспликациясы

№	Аудандардың атаулары	Жалпы көлемі, гектар	Жер санаттары							
			Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер	Елді мекен жері	Өнеркәсіп, көлік, байланыс жерлері	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жері	Орман қорының жері	Су қорының жері	Босалқы жері	Мал өткелі
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1.	Қармақшы ауданы	485790					76214,78		409575,23	
2.	Жалағаш ауданы	353125,52	793				167908,69		184423,83	
3.	Сырдария ауданы	305837,12					103442,35		202394,77	
4.	Шиелі ауданы	235568,85	100				215829,3		19639,55	
5.	Жаңақорған ауданы	693162,7					686018,5		7144,2	
Барлығы:		2073484,2	893				1249413,62		823177,58	

Ескертпе: Республикалық маңызы бар Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік қорық аймағын кеңейту үшін жер учаскелері 10 жыл мерзімге резервте қалдырылады.

Қызылорда облысы әкімдігінің
2020 жылғы «___» ___________ № _____ қаулысына
2-қосымша

Республикалық маңызы бар Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік қорық аймағын кеңейту үшін резервте қалдырылатын жер учаскелерінің пайдалану құқығына шектеулер (ауыртпалықтар)

1. Егер кез келген қызмет күзетілетін ландшафтардың табиғи келбетін өзгертуі немесе экологиялық жүйелердің тұрақтылығын бұзуы мүмкін болған не ерекше құнды табиғи ресурстарды сақтауға және молықтыруға қатер төндірген жағдайда, мемлекеттік қорық аймақтарында мұндай қызметке тыйым салынады.

2. Мемлекеттік қорық аймақтарында учаскелер қорықтық және қаумалдық режимді, сондай-ақ шаруашылық қызметтің реттелмелі режимді учаскелері болып бөлінеді.

1) Қорық режимі аймағында кез келген шаруашылық қызметке және аумақты рекреациялық мақсатта пайдалануға тыйым салынады;

2) Шаруашылық қызметтің реттелмелі режимі аймағы, жайылымдылық мал шаруашылығы кезінде жайылым ретінде қолданылады;

3) Қаумал режиміндегі аймақты пайдалану, табиғи объектілерді сақтау жағдайларын қамтамасыз ету шегінде, қатаң реттелмелі рекреациялық және шаруашылық пайдалануға жол беру;

4) Реттелмелі туризм рекреациялық пайдалану аймағы, шектелген шаруашылық, әкімшілік және өндірістік - шаруашылық қызметі.

3. Мемлекеттік қорық аймақтары оларды күзету режимі түрлерінің ерекшеліктерін ескере отырып, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар үшін көзделген барлық мақсаттарда пайдаланылуы мүмкін.

4. Мемлекеттік қорық аймақтарында жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың шаруашылық қызметіне шектеулер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді.

Ескертпе: Республикалық маңызы бар Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік қорық аймағын кеңейту үшін жер учаскелері 10 жыл мерзімге резервте қалдырылады.

Жоба

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану төлемақысының ставкаларын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасының Орман кодексі» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі №477 Кодексінің 14-бабына, Салық және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV Кодексінің 506 бабына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес «Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану төлемақысының ставкаларын бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2015 жылғы 16 қыркүйектегі №301 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5193 нөмірімен тіркелген, облыстық «Сыр бойы» және «Кызылординские вести» газеттерінде 2015 жылғы 31 қазандағы № 164-165 жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану төлемақысының ставкалары бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облыстық мәслихатының
2020 жылғы __ _____№ __ шешіміне
қосымша

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану төлемақысының ставкалары

№	Атауы	Өлшем бірлігі	Төлем ставкасы (теңге) АЕК
	1. Шөп шабу		
1.	Шөп шабу	1 гектар	22,82
	2. Мал жаю		
1.	Түйе	1 бас-жылға	153,53
2.	Мүйізді ірі қара, жылқы	1 бас-жылға	122,82
3.	Ұсақ мал (қой)	1 бас-жылға	30,71
4.	Ұсақ мал (ешкі)	1 бас-жылға	107,47
5.	Ірі қара малының жас төлі	1 бас-жылға	61,41
	3. Омарталар мен ара ұяларын орналастыру		
1.	Омарталар мен ара ұясын орналастыру үшін	1 ара ұясы-жыл	32,6
	4. Ғылыми-зерттеу және мәдени-сауықтыру мақсаттарында ұзақ мерзімге орман пайдалану		
1.	Ғылыми-зерттеу және мәдени-сауықтыру мақсаттары үшін	1 гектар	8,44
	5. Ғылыми-зерттеу және мәдени-сауықтыру мақсаттарында қысқа мерзімге орман пайдалану		
1.	Ғылыми-зерттеу және мәдени-сауықтыру мақсаттары үшін	1 адам -күн	0,1 АЕК
	6. Рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттарында ұзақ мерзімге орман пайдалану		
1.	Рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттары үшін	1 гектар	36,17
	7. Рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттарында қысқа мерзімге орман пайдалану		
1.	Рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттар үшін	1 адам -күн	0,1 АЕК

8. Дәрі-дәрмектік өсімдіктер және техникалық шикізат жинау және дайындау үшін төлем ставкалары

№	Өсімдіктер атауы	Шикізат түрі	Шикізаттың шаруашылық маңызы	Өлшем бірлігі (құрғақ күйінде)	Төлем ставкасы (теңге)
1.	Жалаң мия	тамырлар	дәрілік	1 килограмм	62
2.	Сұңғыла	тамырлар	дәрілік	1 килограмм	600
3.	Сасық кереуік	тамырлар	дәрілік	1 килограмм	921
4.	Қамыс	өзегі	техникалық	1 текше метр	180
5.	Ши	өзегі	техникалық	1 текше метр	180

Ескерту: Қысқартылған атаудың мағынасын ашу: АЕК – Айлық есептік көрсеткіш.

Бекітілген орман пайдалану үшін төлем ставкалары кемінде 3 жылда бір рет қайта қаралады.

МФО «ЭВЕРЕСТ ФИНАНС»
ШАҒЫН НЕСИЕ
✓ зейнеткерлер (78 жасқа дейін) мен жұмыс істейтіндерге
✓ 5 000 теңгеден 400 000 теңгеге дейін
✓ кепілдіксіз
✓ екі аптадан алты жылға дейін
✓ 15 минутта!
✓ жоғары несиелік ауыртпалығы және нашар несиелік тарихы бар қарыз алушыларға!
ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ ЖЕҢІЛДІКТЕР!
ЭВЕРЕСТ Финанс
Қызылорда қ., "Принт" баспахана ғимараты, Байтұрсынов к-сі, 49, 2 қабат, 3 кеңсе (№3 гимназияға қарама-қарсы)
тел. 8(7242) 92 52 25, 8708 363 59 45

ӘМСҚ: ПТР әдісімен COVID-19 тестілеу кім тегін өтеді?

Егер сіз емханаға, ауруханаға ЖРВИ (жіті респираторлық вирустық инфекция), пневмония, тұмау белгілерімен жүгінсеңіз, онда ТМККК (тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі) шеңберінде ИФТ (иммунoферменттік талдау) жедел тестілеу, ПТР (полимеразды тізбекті реакция) әдісімен COVID-19 тестілеу тегін жүргізіледі. Мұндай шарттар тыныс белгілері бар медицина қызметкерлері үшін де қарастырылған, – деп хабарлады «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов.

Халықтың келесі санаттары тегін тестіленеді:

• COVID-19-ға күдікті провизорлық стационарға жатқызылғандар;
• ЖРВИ және пневмония белгілері бар азаматтар;
• COVID-19 науқастарымен тығыз байланыста болған адамдар;
• стационарға жоспарлы емдеуге жатқызу кезіндегі науқастар;
• тыныс алу органдарының, эндокриндік және жүрек-қантамыр жүйелерінің ауруларымен динамикалық бақылаудағы 50 жастан асқан пациенттер;
• шетелден келген адамдар;
• коронавирустың таралуын болдырмау жөніндегі іс-шараларға тартылған ІІМ қызметкерлері;
• жүкті әйелдер, т.б.

Сонымен қатар, Қорда ҚР ДСМ Тауарлар мен қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» эпидемияға қарсы іс-шаралар шеңберінде келесі санаттағы азаматтар үшін ПТР-зерттеулер жүргізетінін хабарлады:

• үй карантиніндегі байланыста болған тұлғалар;
• арнайы контингент (тыныс белгілері бар және жұқтыру қаупі жоғары медицина қызметкерлері; эпидемияға қарсы іс-шараларға қатысатын мемлекеттік органдардың қызметкерлері; карттар үйлеріндегі, интернаттық және өзге де мамандандырылған ұйымдардағы адамдар);
• әскерге шақырылушылар және т.б.

Бір тесттің бағасы шамамен 11,5 мың теңгені құрайды. Жалпы, қызылордалықтарды ПТР арқылы коронавирусқа жаппай тексеру үшін республикалық бюджеттен 213,2 млн теңге бөлінді. Оның 60,2 млн теңгесі ауруханаларға жіберілген, 153 млн теңгесі емханаларға қарастырылған. Бүгінгі таңда Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалы 22 медициналық ұйыммен тест өткізу туралы келісімге қол жеткізді.

Жалпы, аймаққа қатерлі індетпен күреске шамамен 2 млрд теңге бөлінді, – деп қорытындылады Бақыт Исмаханбетов.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалдың халықты ақпараттандыру және өтініштерді қарау жөніндегі бөлімі.

QazIndustry

«QazIndustry» Қазақстандық индустрия және экспорт орталығы» АҚ-ның қолдау құралдары орталығының бас сарапшысы Айсұлу Жалмурзина бизнеске мемлекеттік қолдау көрсету шаралары бойынша сұрақтарға жауап берді

1. «QazIndustry» немен айналысады?

QazIndustry Қазақстанның өнеркәсіптік кәсіпорындарына технологиялық шешімдерден сертификаттауға, экспортқа және сандық технологияларды енгізуге дейінгі барлық кезеңдерде жәрдем көрсетеді.

2. Компания мемлекеттік қолдаудың қандай шараларын ұсынады?

QazIndustry ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің еңбек өнімділігін арттыру бойынша және ҚР Сауда және интеграция министрлігінің отандық өңделген тауарларды сыртқы нарықтарға жылжыту бойынша операторы болып табылады.

Біз өтеусіз қолдау шараларын ұсынамыз. Мысалы, өңделген тауарларды экспорттаушыларға біз тауарларды шетелде жарнамалауға, шетелдік көрмелерге, жәрмеңкелерге, фестивальдарға тікелей қатысуға; шетел тілдеріне аударуға және мамандандырылған каталог шығаруға, өнімді шетелде сертификаттауға, қойманы, сауда үй-жайларын жалға алуға байланысты шығындарды өтейміз. Елеулі шаралардың бірі – көлік шығындарының бір бөлігін өтеу. Экспорттаушылар 2020 жылдың 1 маусымына дейінгі аралықта мемлекеттік қолдаудың қаржылық шараларын алуға өтінім бере алады.

Сонымен қатар, қызметкерлерді оқытуға, кәсіпорында жұмыс істеу үшін шетелдік мамандарды тартуға байланысты шығындарды өтейміз. Кәсіпорындар жабдықтарды монтаждау және іске қосу-баптау, автоматтандырылған жүйелерді, 4.0 Индустрия элементтерін енгізу және біздің отандық кәсіпорындар көтеретін басқа да шығындар бойынша «кэшбэк» ала алады. Еңбек өнімділігін арттыру бойынша шығындарды өтеуді алуға өтінімдер жыл бойы қабылданады.

Мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну ережелері біздің сайтта орналастырылған www.qazindustry.gov.kz.

3. Мемлекеттік қолдауға қатысушы кәсіпорындарды іріктеу қандай басым критерийлер бойынша жүргізіледі?

Бүгінде біздің мемлекеттік қолдау шараларымызды барлық санаттағы өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындары – ШОБ пен ірі бизнес пайдалана алады. Бірақ нақты талаптар бар. Мысалы, еңбек өнімділігін арттыруға байланысты кеткен шығындардың бір бөлігін қайтарып алу үшін кәсіпорын қызметін экономиканың басым секторларында кемінде 1 жыл жүзеге асыруы қажет. Ал экспорттық шығындарды өтегісі келетіндер отандық өңделген тауарларды өндіруші болуы немесе өндірілген өнімді өткізетін оның еншілес компаниясы болуы қажет.

4. Кәсіпорындар өтінім берерде, алдын ала сіздерден кеңес алуға бола ма?

Иә, сөзсіз, өтінім беруші өтінім бергенге дейін кеңес алуы қажет.

Біз ұялы байланыс, электрондық пошта, Telegram мессенджері арқылы кеңес береміз, сондай-ақ, кәсіпкерлердің ыңғайлылығы үшін өңірлер бойынша менеджер-кеңесшілерді анықтадық, олар қолдау шараларын алу бойынша кез келген сұрақтарыңызға жауап бере алады:

– Атырау обл., Ақтөбе обл., БҚО, Маңғыстау обл., Қызылорда обл. – Айсұлу Жалмурзина, 8 778 171 24 66, a.zhalmurzina@qazindustry.gov.kz;

– Алматы қ., Шымкент қ., Алматы обл., Жамбыл обл., Түркістан обл. – Рауан Мыңбаев, 8 701 493 37 43, r.mynbayev@qazindustry.gov.kz

– Нұр-Сұлтан қ., Ақмола обл., Қостанай обл., СҚО – Шоқан Суюнов, 8 701 525 10 25, sh.suyunov@qazindustry.gov.kz;

– ШҚО, Қарағанды обл., Павлодар обл. – Аслан Бекбергенов, 8 701 222 44 69, a.bekbergenov@qazindustry.gov.kz.

Барлық ақпарат біздің сайтта орналастырылады.

5. Шығындардың бір бөлігін өтеуге өтінімді қалай беруге болады?

Өтініштер онлайн қабылданады. Ол үшін сайтта тіркелу қажет www.qazindustry.gov.kz.

6. Мемлекеттік қолдау шаралары қаншалықты тиімді, «cash back» алған компаниялардың мысалдары бар ма»?

Өткен жылдың қорытындысы бойынша «еңбек өнімділігін арттыру» бағыты шеңберінде 69 кәсіпорыннан 779,15 млн теңгеге 122 өтінімдердің шығындары өтелді, ал «отандық өңделген тауарларды сыртқы нарықтарға жылжыту» бағыты бойынша 139 кәсіпорыннан 3,9 млрд теңгеге 179 өтінімдердің шығындары өтелді, оның 3,5 млрд теңгесі тауарларды жеткізуге байланысты шығындар және 350,5 млн теңгесі тауарларды жылжытуға арналған шығындар бойынша.

Енді нақты алушылар туралы айтатын болсақ, Қызылорда облысы бойынша шығындарын өтеген кәсіпорындар туралы мысалдарды келтіремін, олар: «Аралтұз» АҚ энергия аудиті бойынша шығындарды өтеген және «Арал» СДО ЖШС, «Най-Мир» ЖШС, «Аралтұз» АҚ өнімді экспорттау кезінде көлік шығындарын өтеген.

Қорытындылайтын болсақ, коронавирус пандемиясы мен ірі қалаларда карантин енгізуден туындаған елдегі қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға байланысты, өнеркәсіп кәсіпорындарының қызметін толық немесе ішінара тоқтата тұруына мәжбүрледі, шығындарды өтеу кәсіпкерлік субъектілерінің қаржылық шығындарын азайтуға мүмкіндік береді. Сондықтан барлық кәсіпкерлерге шығындарды өтеуге өтінім беруді ұсынамыз.

Дүкенге мерзімі өткен тауарды түбіртексіз қайтару туралы

Кез келген тауарды қайтару үшін сауданы растайтын құжат қажет. «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» ҚР Заңының 18-бабына сәйкес тұтынушы сатушыдан (өндірушіден, атқарушыдан) тауарды сатып алғандығын растайтын құжат – кассалық немесе тауарлық чек, сауда түбіртегін немесе ақшаны алғандығы жөнінде қолхат талап етуге құқылы.

Аталған Заңның 18-бабына сәйкес лайықсыз сападағы тауарды қайтару кезінде тұтынушыда тауардың сатып алғандығын растайтын құжаттың жоқтығы оның тауарды сатып алғандығын дәлелдейтін фото – видео материалдарды пайдалану және куәгерлерді тарту құқығынан айырмайды. Тұтынушы Қазақстан Республикасының заңнамаларында карастырылған жағдайларды ескермегенде, дүкеннің фото және бейнежазбаларын пайдалануға құқылы (Заңның 24-бабы).

Заңның 30-бабы 1-1 тармағына сәйкес, сатушы (өндіруші) мерзімі өткен, өнімнің техникалық регламент белгілеген талаптарына, нормативтік құжаттарына сай келмейтін, сонымен қатар зияткерлік меншік құқығы бұзылған тауарды оның қолданылғандығына, тауарлық түрінің, тұтынушылық қасиеттерінің, пломбасының, затбелгісінің сақталмағандығына қарамастан, тауар сатып алынған мерзімнен 30 күн ішінде айырбастауға немесе сатып алынған тауар сommасын қайтаруға міндетті.

Өз құқықтарыңызды қорғап, сауатты тұтынушы болыңыз!

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті Қызылорда облысының тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті.

Тел: 8(7242) 23-50-72, 23-50-66.
Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы №52.
Инстаграмм: dzppkyzylorda
Фейсбук: ДзппҚызылорда

Тұтынушылардың назарына!

ШЖҚ «Қызылорда су жүйесі» МКК тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында 2019 жылдың қорытындылары бойынша бекітілген тарифтік сметаның инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа мен сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы және табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есебін 2020 жылдың мамыр айының 29 жұлдызына сағат 11.00-ге ауыстырылғаны жөнінде мәлімдей отырып, Желтоқсан көшесі №156 мекенжайында орналасқан мекеме ғимаратында өткізілетінін хабарлайды.

ШЖҚ «Қызылорда су жүйесі» МКК әкімшілігі.

Сатылады

250 бас жылқы құлындарымен бірге сатылады, 10 000 га жайылымдық жері бар.

Байланыс тел.: 8 705 787 22 22.

(4-2)

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Қалтайқызы Актолқын 2019 жылдың 9 қазанында қайтыс болған, Қызылорда қаласы Әбу Насыр Әл-Фараби шағын ауданы, Талаптан көшесі №6 үйде тұрған азамат Абдибеков Бахтияр Орынбаевичтің атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлер болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Торайғыров көшесі №80-А/12, тел.: 8 701 122 99 93.

Мүмкіндікте шектеу болмайды

Айгүл Айтпаева – көпбалалы ана. Өкінішке қарай, үлкен қызы дүниеден өткенде көзінің көру қабілеті нашарлап кетті. Дегенмен, ол басқа түскен ауырлыққа сабырмен қарап, талпынысын тежеген жоқ. Қазір шағын кәсіптің шырайын шығарып отыр. Қалай дейсіз бе?

Sb Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы».

Бес баланың анасы журналист мамандығын алған еді. Денсаулығына байланысты үйде отырғандықтан, өзін дамыту үшін көп ізденді.

– Үлкен қызымның дүниеден өтуі маған қатты ауыр тиді. Көзімнің көру қабілеті нашарлап мүгедектікке өттім. Мен үшін «мүмкіндігі шектеулі» деген сөз оңай болған жоқ. Соның салдарынан күйзеліске түстім. Бірақ одан шығу жолын іздедім. Желі арқылы бизнес-тренингтерге қатыса бастадым. Бір күні мұндай жобалардың бізде де барын естіп «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы арқылы «Бизнес-Бастау» жобасын оқып, кәсіп ашудың қыр-сырын меңгердім. Сол алған білімім қазіргі сәтте кәсібімді бастауыма жол ашты, – дейді Айгүл Бақбергенқызы.

Бір қызығы, Айгүл кәсіптік білім алғанымен, оны қандай істен бастарын білмей біраз бас қатырады. Бірде ойдан ой туып, жан-жағынан өзінің нені жақсы дайындай алатынын сұрайды. Көпшілігі оның тамақты жақсы әзірлейтінін айтқанда, ойланбастан жартылай дайын өнім жасауды қолға алады. Алдымен тапсырысты ағайындардан қабылдаған ол кейін желіге жарнама беру арқылы табыс таба бастады. Сенімділік нығайып, белсенділігі арта берді. Осылайша, көпбалалы кәсіпкер ана өз жобасын жасап, мемлекеттен 505 мың теңге грант ұтады.

– Грант ұту маған қиын болған жоқ. Бұрын мұндай дүниелер мүмкін емес деп ойлайтынмын. Қазір көзім жетті, мүмкін емес нәрсе жоқ. Тек ынтаңыз бен жігеріңіз болса, жеткілікті, – дейді ендігі сөзінде ол.

Кәсіп иесі қолға тиген қаржыға ас үй комбайны, газ плита, мұздатқыш секілді дүниелерді алған. Бүгінде клиенттің тапсырысына қарай «Айгөлек» сауда белгісімен түрлі өнімдер жасап отыр. Алдағы уақытта шаруасын кеңейту жоспары да жоқ емес.

– Бұл – менің шағын ғана отбасылық бизнесім. Әзірге өзім ғана жұмыс жасаймын. Алдағы уақытта сұраныс болып жатса, жұмыс орнымды үлкейтіп, қосымша адамдар алу ойда бар. Сондай-ақ, «Халал» сертификатын алып, мемлекеттік тапсырыстарға қатысуды да ойлап жүрмін. Барлығы уақыт еншісінде. Ең бастысы, бізге жағдай жасап, осындай мүмкіндік беріп отырған мемлекет қолдауына қуанамын. Ал өзім секілді көпбалалы аналарға кәсіп ашудан еш қорықпау қажет дегім келеді. Мүмкіндікті пайдалана білген жөн. Тәуекелдің табысы ортаймайтынын білемін, – дейді көпбалалы ана.

SERGEK

Сыр спортшылары да дайындыққа кірісіп, әрбір жаттығу алаңында 50 спортшыдан аспау талаптары мұқият ескеріліп отыр.

Сыр спортшылары жаттығуды бастады

Сәтін салса, маусым айының ортасынан бастап, спорт түрлерінен балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінің оқушылары арасында облыс біріншіліктерін өткізу жоспарда бар. Одан әрі күнтізбелік кестеге сәйкес кешенді жарыстар басталады деп хабарлайды облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының баспасөз қызметі.

Нұржан Смаханов – ауыр атлетикадан облыстың аға жаттықтырушысы. Оның айтуынша, төтенше жағдай кезінде спортшылар жаттығу жұмыстарын тұрақты түрде пысықтап келген.

«Коронавирус індетінің салдарынан көптеген спорттық жарыстар өтпей қалды. Тіпті Олимпиада ойындары да кейінге шегерілді. Бұл жағдайға қарамастан, ауыр атлетика бөлімшесінің спортшылары жаттығуларды онлайн түрде жасады. Мәселен мен Whats App желісі арқылы күнделікті қажетті жаттығулар тізімін жіберіп, қадағалап отырдым. Спортшыларға зілтемірсіз үй жағдайында жаттығу жасау қиынға соқты, десе де дене жаттығуларын жасап, шыныққып отырды. 11 мамырда төтенше жағдай режимі аяқталды, бірақ карантин толықтай алынған жоқ. Біз қауіпсіздік шараларын қатаң сақтап, оқу-жаттығу процесін бастап кеттік. Яғни, жоғары спорт шеберлігі тобында 6 спортшы, спорттық жетілдіру тобында 8 спортшыдан жаттығып жатыр. Алда көптеген жарыстар жоспарланған. Енді қарқынды түрде дайындықты жүргіземіз» дейді ол.

«СБ» ақпарат.

КАРАНТИН: Қоғам қалай өзгерді?

Коронавирустың әлегінен туындап, біз күтпеген уақытта келген карантин режимі алғашында бәрімізді әбігерге салғаны рас. Күнделікті сегіз сағат жұмыс, сенбі, жексенбідегі той-думан, сауда орталықтары қызметінің өзгеруі қалыптасқан өмір салтына өзгеріс әкелді. Үлкен қаладағылар ауылға асықса, әке мен ана балаларының жанынан табылуға тырысты. Байқайсыз ба, есесіне адамдардың өз уақыты өзіне бұйырғандай әсер қалдырды. Қарбаласқан заманда жұрттан қалмай анаған да, мынаған да үлгерсем деп жанталасқан тұрғындар бір сәт тоқтап, ойы мен ниетін бағамдап, өз-өзіне есеп берген секілді.

Sb Айдана ЖҰМАДИНОВА, «Сыр бойы».

Өз уақытың – өзіңе

Шарттылықты жойып, адамдарды «рамкадан» шығарған карантиннің өмірімізді аздап өзгерткені рас, сондықтан оның зиянынан бұрын пайдасын саралап көрсек дейміз.

Айталық, осыған дейін күндіз оқушыларға сабақ беріп, кешке дәптер қарап, жоспар дайындаудан қолы босамайтын мұғалімдер «қашықтан оқыту қалай болар екен?» деп алаңдады. Десек те, олардың айтуынша, карантин әр баланың оқуына, тапсырмасына мұғалімнің жеке көңіл бөлуіне мүмкіндік берген. Әрине, сабақ уақытында барлық оқушының тапсырмасын тексеру мүмкін емес, ал онлайнда оқытушылар әр баламен жеке байланыс орнатты.

Осы кезге дейін «күндізгі бар уақытым жұмысқа кетпегенде ананы жасар едім, мынаған көңіл бөлер едім» дейтін адамдардың өз уақыты өзіне қалды. Той-томалақ азайды. Адамдар үйден ас әзірлеп, нан пісіре бастады. Мына қызықты қараңыз, бізде ғана емес, Канаданың өзінде нан пісіретін пештерді сатып алу 652 процентке өскен. Әлеуметтік желілерде фудблогерлердің дәурені жүрді. Тіпті «жұмыстан қолым тимейді» дегенді сылтау ететін қызметтегі келіншектердің өзі аспазды жолда қалдырып, күнде түрлі ас әзірлей алатынын аңғартты. Әсіресе, Instagram желісінде келіндердің бір-біріне челлендж жолдауынан, фото мен бейнежазбалардан бесаспап келіншектердің көбейгенін байқадық.

Балалар амалсыздан кітапқа үңілді. Олар тұрмақ, үлкендердің өзі ақы сұрамайтын ақылшыға жүгінді. Теледидардан танымдық бағдарламалар қаралып, оқуға уақыт жетпейді деген сылтаумен әдемілік үшін сап түзеген кітаптар осылайша қолға алынды.

Сондай-ақ, халық цифрландыру игіліктерінің пайдасын түсіне бастады, e-gov порталының қызметін пайдалану, онлайн тапсырыс беріп, онлайн өтініш толтыру түк те уақыт алмайтынын ұғынды. Әсіресе, киім, тұрмыстық техника үшін онлайн тапсырыс беруді әр отбасы әдетке айналдырды десек те болады. Айта кету керек, қазақстандықтар жыл басынан бері отандық электронды алаңдардың бірінде 69 миллиард теңгеге 900 мыңнан астам тауарды онлайн сатып алған. Ал, мұндай онлайн-тапсырыстар кәсіпкерлерді артық шығыннан құтқарған. Олар ғимаратты, қойманы жалға алу сынды жұмыстарға қаржы жоғалтпаған.

Байқайсыздар ма, індет өршіген тұста елдің ниеті мен тілегі бір арнада тоғысты. Мынадай бейбіт заманда да біз өзімізді ғана емес, тұтас елдің қамын ойлау керегін жете ұғына бастадық. Ел аман, жұрт тыныш болғанда ғана өзі де бақытты болатынын әсіресе қазіргі жастар түсінді. Ал, Жапонияда карантин уақытында суицид күрт азайыпты. Көрсеткіш өткен жылғы сәуір айымен салыстырғанда 20 процентке төмендеген. Мұның себебін ғалымдар бүкіл елге қара бұлт төніп, қауіп сейілмей, барлығы мәселені шешу жолын іздеп жатқанда жеке адамның өзін ғана ойламайтынымен түсіндірді.

Табиғат та тынықты

Адамдардың қозғалысты шектеуі экологияға да елеулі әсер етті. Көліктен шығатын қалдықтардың ауаны ластау деңгейі төмендеген.

Бұл туралы Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі Ахметжан Пірімқұлов мәлімдеп, облыс орталықтары мен қалалардың бәрінде «Қазгидромет» күнделікті мониторинг жүргізіп отырғанын айтты.

– 20 наурыздан, яғни карантиннің алғашқы күнінен бастап, министрлік қоғам өкілдерімен бірге Алматы мен Нұр-Сұлтан қалаларында атмосфералық ауаға мониторинг жүргізді. Талдау жұмыстары көрсетіп отырғандай, Алматының төменгі бөлігінде РМ 2,5, РМ 10 өлшемді бөлшектері бойынша концентрацияның артқаны байқалады. Бұл ластану жағдайы ЖЭО-2, ЖЭО-3 жұмысына тән сипат. Алайда, қаланың жоғарғы бөлігінде азот оксиді, азот диоксидінің төмендегені, фенол концентрациясы өткен жылға қарағанда 60 есе төмендегені байқалады. Бұл автокөліктен бөлінген қалдықтың азайғанын көрсетеді, – деді ол.

Қай затқа сұраныс артты?

Елімізде антисептик, маска, жөтелге қарсы дәрілердің сатылымы артқаны айтпаса да түсінікті. Ал, канадалық сарапшылардың деректеріне сүйенсек, «барлық мемлекетте дерлік карантин кезінде бір рет қолданатын қолғап пен нан пісіретін пештерді сатып алу 670 және 652 процентке өскен» деп хабарлайды «Хабар 24».

Сондай-ақ, карантин кезінде шаш қиятын құрал, гүлзарға арналған құрылғы және еденге қойылатын таразылар ең жиі сатылған тауарлардың көшін бастапты.

Ал, сіз карантин уақытын қалай пайдаландыңыз? Қандай жақсы әдетті өмір салтыңызға енгіздіңіз? «Мұнайып қараған тікеннің барлығы, күлімдеп қарасам гүл екен» дегендей, бұл өзгерісті, әр мүмкіндігіңізді жақсылыққа айналдыруға тырыстыңыз ба?!

Орманды өрттен сақтайық!

Табиғат байлығының бірі – орман. Оның қоршаған ортаны қорғаудағы маңызы өте зор. Тепе-теңдікті сақтап тұрған да сол – орман. Алайда ондағы әртүрлі өсімдіктер мен жануарларға үлкен залал тигізетін қатердің бірі – өрт екені белгілі. Өртке табиғи факторлардың әсер етуі өз алдына, кейде адамдар да себепші болады.

Біздің өңірдегі құрғақ және желді климат, шөптесін өсімдіктердің көп болуы, орман, дала өртінің тез өршуіне әкеледі. Орман және дала өрттері көбінесе аумақты қажет емес қалдықтардан тазарту және ауыл шаруашылығы жерлеріндегі өсімдіктерді немесе қалдықтарды жағу кезінде орын алады. Осы жұмыстарды жүргізу кезінде тиісті бақылау жасалмағаннан, минералданған жолақтарының болмауынан, жақын орналасқан орман алқаптарына жалын тарап, артынша түзелмейтін шығынға әкеліп отыр.

Биыл жыл басынан бері облыс бойынша орман қоры жерінде 197,91 гектарды құрайтын 34 өрт оқиғасы тіркеліпті. Бұл көрсеткіш былтырғы жылмен салыстырғанда 34 есеге өсіп отыр. Ал табиғатқа келтірілген шығын көлемі 9,2 млн теңгені құрайды.

Сонымен қатар тұрғындар абаттандыру, жер ашу үшін қураған шөптерді өртегенде, отты қараусыз қалдырғанда шабындық жерлерде, ашық алаңдарда, автожол бойы мен канал жағаларында қураған шөптердің, шеңгел-жыңғылдардың жануынан көлемі 158 гектарды құрайтын бірнеше жану оқиғасы тіркелді.

Аймақ тұрғындары төменде көрсетілген ережелерді сақтауы тиіс:

– шабындық, егістік, орман алқаптарында қураған шөптерді, қоқыстарды өртеуге және бақылаусыз қалдырмауға;

– ауа райы құрғақ, ыстық және қатты жел кезінде алау жақпауға;

– демалыс орнынан кетерде алауға су құйып, құм немесе топырақ сеуіп кетуге, жанып жатқан қалдықтар мен сіріңкені лақтырмауға.

– егер өртті өз күшіңізбен сөндіру мүмкін болмаса, оның таралу бағытын және шығу бағдарын анықтап, құтқару қызметіне 101, 112 нөмірі арқылы хабарлауға.

Орман мен далалық алқаптарда өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзғаны үшін кінәлі тұлғалар жергілікті атқарушы органдар, полиция, орман шаруашылығы мен төтенше жағдайлар қызметі қызметкерлерінен құралған мобильнымен қатар төтенше жағдайлар департаменті тарапынан бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер арқылы халыққа табиғи өрттер бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізіліп келеді.

Өрт – тілсіз жау. Орман, тоғайлы, далалық алқаптарда өрт оқиғаларын болдырмас үшін қарапайым қауіпсіздік шаралары қатаң сақталуы тиіс.

Р. ҚАЙРАҚБАЕВ,
облыстық төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары, азаматтық қорғау полковнигі.

Хабарландыру

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалы. Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, А.Құнанбаев көшесі 1Н ғимараты. Реттеліп көрсетілетін қызметтің түрі: суды магистралдық құбырлар мен таратушы желілер арқылы, суды таратушы желілер арқылы беру және сарқынды суды бұру қызметтері. «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-26 баптарына сәйкес «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы 2019 жылдың қорытындысы бойынша тұтынушылар алдында есепті тыңдауды 2020 жылдың 26 мамыр күні сағат 10.00-де төмендегі кестеге сәйкес онлайн режимде өткізетіндігін хабарлайды.

№	Өндірістік бөлімшенің атауы	Өтетін орны
1	Сырдария ауданы оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі	Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті, Қонаев көшесі №29
2	Жалағаш ауданы оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі	Жалағаш кенті, Мырзалиев көшесі №24
3	Октябрь топтық су құбыры өндірістік бөлімшесі	Қармақшы ауданы, Сейтжан ахун көшесі №53
4	Қармақшы ауданы оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі	Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Тоғанас Батыр көшесі №10
5	Қармақшы ауданы Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі	Қармақшы ауданы, Төретам кенті, Жанқожа көшесі №69а
6	Қызылорда қаласы оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі	Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, Абай Құнанбаев көшесі №1Н ғимараты
7	Жиделі топтық су құбыры өндірістік бөлімшесі	Шиелі кенті, А.Байтұрсынов көшесі №13
8	Жиделі топтық су құбырын пайдаланушы Жанақорған өндірістік бөлімшесі	Жанақорған ауданы, Саяжай мөлтек ауданы н/з
9	Жаңақорған ауданы оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі	Жаңақорған ауданы, Түгіскен ауылы, Д.Қонаев көшесі №39
10	Арал-Сарыбұлақ топтық су құбыры өндірістік бөлімшесі	Арал қаласы,Чехов көшесі №2
11	Арал-Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесі	Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Р. Бағланова көшесі №215 б
12	Қазалы ауданы оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі	Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, К.Ерімбет №5а

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Қалтайқызы Ақтолқын 2019 жылдың 4 қарашасында қайтыс болған, Қызылорда қаласы, Әбу Насыр Әл-Фараби шағын ауданы, Жұлдыз көшесі №2 үйде тұрған азаматша Абитова Дамегульдің атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды.

Мұрагерлер болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Торайғыров көшесі №80-А/12, тел.: 8 701 122 99 93.

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyikz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 28633 | Тапсырыс №701 | Кезекші редактор **Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ.**